Р.К.Керимбаева, Ш.Т.Жұматаева,
Т.С.Мейрманова, А.К.Асилова

# ЕРЕСЕКТЕР ТОБЫНА АРНАЛҒАН «АСЫЛ МҰРА» ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОБАСЫ

*Оқу-әдістемелік құрал*



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**
**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ «ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**Р.К.Керимбаева, Ш.Т.Жұматаева, Т.С.Мейрманова, А.К.Асилова**

# ЕРЕСЕКТЕР ТОБЫНА АРНАЛҒАН «АСЫЛ МҰРА» ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОБАСЫ

**Оқу-әдістемелік құрал**

**Тараз, 2022**

ӘОЖ: 373.2
КБЖ 74. 102
К 32

К 32 **Керимбаева Р.К., Жұматаева Ш.Т., Мейрманова Т.С., Асилова А.К.**

Ересектер тобына арналған «Асыл мұра» этнопедагогикалық жобасы. Оқу-әдістемелік құрал. – ИП «Бейсенбекова Ә.Ж.» Тараз, 2022. -104 бет.

ISBN 978-601-7329-35-8

**Пікір жазғандар:**
Қ.Б.Бөлеев - Тараз гуманитарлық-инновациялық университетінің профессоры, п.ғ.д.
Ш.Т.Турдалиева - М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті, псх.ғ.к.
А.М.Қалматаева - Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті, п.ғ.к.

Оқу-әдістемелік құрал ересектер тобының вариативті оқу бөліміне енгізілген «Асыл мұра» бағдарламасы арқылы балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарын таныстыруға бағытталған. «Музыкалық аспаптар», «Қазақ халқының қол өнері», «Халық ертегілері» жобалары арқылы халық ауыз әдебиетінің үлгілері, мәдениеті мен салт-дәстүрлерін меңгерту жолдары қарастырылған.

Құралды «Психология», «Психология және педагогика», «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығында оқитын колледж, университет студенттері мен балабақша тәрбиешілері, психологтар, ата-аналар пайдалануға болады.

ӘОЖ: 373.2
КБЖ 74. 102

Баспаға М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған (Хаттама №10, 16 маусым 2020 жыл)

ISBN 978-601-7329-35-8

© Керимбаева Р.К., Жұматаева Ш.Т.,
Мейрманова Т.С., Асилова А.К., 2022

## Түсінік хат

Бүгінгі таңда «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласының аясында «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық бағдарламасының негізгі міндеттерін жүзеге асыруда білім беру жүйесінің маңызы зор. Білім мен тәрбие бастауы балабақша болғандықтан, ұлттық құндылықтарды оқу үрдісіне енгізу қажеттілігі туындайды. Қазіргі қоғамның даму бағытында мектепке дейінгі тәрбие саласы мамандарының алдында жан-жақты дамыған, сауатты, саналы, өзіндік орны бар үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін азаматты тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Осыған орай мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығы мықты, ұлтжанды етіп, рухани адамгершілікке тәрбиелеп, ұлттық дүниетаным нормаларын меңгертуде «Асыл мұра» бағдарламасының маңызы зор.

Вариативті оқу бөліміне арналған «Асыл мұра» бағдарламасы этнопедагогикалық жобалар арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке, рухани ізгілікке тәрбиелеуді, логикалық ойын дамыту, шығармашылыққа баулуды көздейді. Бағдарлама аптасына 1 сағаттан, жалпы 36 сағаттық тақырыпта жазылған:

*-«Музыкалық аспаптар»-7 сағат*
*-«Қазақ халқының қолөнері» - 15 сағат*
*-«Халық ертегілері»-14 сағат*

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары, құрылымы бағдарламада көрсетілген тақырыпта толық ашылған. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінде балаларға ұлттық тәрбие әдістерін этнопедагоғика жобалары арқылы меңгерту жолдары ұсынылған.

*«Музыкалық аспаптар»* жобасы аясында балаларды қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстыру, оның маңызы, дыбысталуы, оларды ажыратып, айта білуге үйрету мақсатындағы білім мазмұны жоспарланған. Ұлттық

аспаптардың әуендерін тыңдатып, ажырата білу дағдыларын қалыптастыра отырып, балаларға аспаптардың атауларын айтқызу. Есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорын байытып,тілін дамыту. Қазақтың ұлттық өнеріне деген көзқарастарын кеңейту өз дәстүрін қастерлеуге тәрбиелеу.

*«Қазақ халқының қолөнері»* жобасы балалардың ұлттық өнердің сән және қолөнер түріне деген сүйіспеншіліктерін, көркемдік эстетикалық талғамын дамытуға, халықтың тұрмыс–салт дәстүріне қызығушылықтарын оятуға негізделген білім көлемі меңгертіледі.

*«Халық ертегілері»* жобасында мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылығын қазақ халық ертегілері арқылы дамытып, сөйлеу қабілеттерін жан-жақты жетілдіруге бағатталған.

Ұлттық жобалар балалардың жас ерекшеліктеріне сай құрылған. Жоба барысында «бала-ата-ана-педагог» бірлестігі жүзеге асырылады. Баланың меңгерген білімі, оның қол жеткізген жетістігіне айналады. Қарапайым тәжірибелер жасай отырып, бала өзін қызықтыратын сұрақтарға жауап іздеп, қоршаған ортаның заттары мен құбылыстарын танып, зерттеуге, өздігінше ізденуге деген танымдық қызығушылығы оянады. Балада байқампаздық, зеректік қасиеттер қалыптасып, шығармашылық қабілеті, тіл қатынасына түсу дағдысы дамиды.

Вариативті оқу бөліміне арналған «Асыл мұра бағдарламасы» мемлекеттік стандартқа, оқу бағдарламасы мен бағдарламаларға қойылатын талаптарға сай жасалған.

Жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды, ұлттық дүниетанымды қалыптастырудың маңыздылығы – бүгінгі күнгі өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Ұлттық дүниетаным қалыптастырудың тәсілдерінің бірі бұл- ұлттық музыка. *«Музыкалық аспаптар» жобасында* балалар қазақтың ұлттық аспаптарымен таныса отырып, өз дәстүрін қастерлеуге тәрбиеленеді. Ұлттық аспаптардың

әуендерін тыңдатып, ажырата білуге дағдыланып, есте сақтау қабілеттері, сөздік қоры байып, тілдері дамиды.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің бір құралы - сан қырлы ұғымды қамтитын музыкалық өнер. Халық тағылымының байлығын өн бойына жинақтаған ертеден қалыптасқан педагогикалық тәжірибеде, тәлім-тәрбиеде оқу-ағарту мәселелері әлі де жетерлік. Музыка адамзаттың рухани азығы, жан серігі, ұшқыр қиялы, нәзік сезімі. Қазақ халқы құлақтан кіріп бойды алар әсем ән мен тәтті күйді ұнатқан. «Домбыра сөйлейді», «қобыз жеткізеді», «сыбызғы білдіреді» -деген сөз тіркестері қазақ мәдениетінде кездейсоқ кездеспейді. Балалардың бойында талғампаздық эмоциялық сезімталдық қалыптастыруында, оның мәдениетті болып өсуінде музыка әлемін түсінуде балабақшадағы музыка тәрбиесінің алатын орны ерекше.

Ұлттық музыка арқылы балалардың патриоттық сезімдері оянып, ұлттық дәстүр мен әуенге қанық болып өседі. Бұл дегеніміз- ел болашағының жарқын негізі.

*«Қазақ халқының қолөнері» жобасы* мектепке дейінгі жастағы балаларды өнерді сүюге тәрбиелеуде маңызды. Балаларды ұлттық қасиеттерге баулуда кезінде ата-бабамыз күнделікті тірлігінде пайдаланған тұрмыстық ерекшелігі мол дүниелермен таныстырудың тәрбиелік мәні зор деп білген. «Өнер- таусылмас қазына, жұтамас байлық» – дейді дана халқымыз. Қазақ қолөнерге бай халық деп айтуға болады, оны атап айтсақ: құрақ құрау, ою ою, ағаш өңдеу, сырмақ жасау, жіп иіру, тоқыма тоқу, киіз басу, кесте тігу, тері өңдеу, ши тоқу өнерлерімен ерекшеленеді.

Қазақ халқы өнерлі халық болғандықтан, өнерін жоғалтпай өзінің ісін, өмірін жалғастыратын шебер, өнерлі ұрпақ тәрбиелеп өсірген. Ал қазіргі күнде жастарды өнерге, шеберлікке үйрету, ұлттық тәрбие беру барлық білім беру мекемелеріне жүктелген. Сол себепті балабақшада балалардың көңіл-күйіне, ынтасына,

қабілетіне қарай әр баламен жеке жұмыс ұйымдастыру арқылы қазақ халқының өнеріне деген қызығушылығын арттыру оқыту үрдісінде маңызды орын алу керек.

Баланы өз бетімен жұмыс істеуге және ұқыптылыққа, тиянақтылыққа, төзімділікке, жинақылыққа тәрбиелеуге оқу тәрбие үрдісінде көп мүмкіндік бар. Мектепке дейінгі жастағы балаларды халқымыздың ежелден келе жатқан ұлттық қолөнерімен таныстыра отырып, шығармашылық жұмыстарында тәрбиешінің көмегімен өнер түрін таңдау, ойлау қабілетін арттыру жұмыстары жүргізіледі.

Қазіргі күнде ескіден жаңа бұйым жасап шығаруымызға болады. Қолданысқа қажетсіз заттардан бұйым жасап шығару балаларды үнемшілдікке, ұқыптылыққа тәрбиелейді, фантазиялық ой-өрісі дамиды. Бисер тоқу өнері кеңінен тарап, танылып келе жатқан халық шығармашылығының және әшекей бұйымдар дайындаудың бір түрі. Бисермен жай суреттерден бастап өте күрделі түрлі-түсті жұмыстар жасауға болады. Мысалы, тұмарша, ұлттық сөмкелерді, әмиян, ұлттық қоржын, алқа, шашбау, қазіргі кезде ұялы телефондарға арналған қапшықтарды әшекейлеп тігеміз. Бисер тоқу өнері нәзіктікті, әдемілікті, шыдамдылықты және фантазия мен шеберлікті талап етеді. Әр адам бисер тоқумен айналысуына болады. Сызбамен жұмыс істегенде есте сақтау қабілеті жоғары болып, түстерді үйлесімді орната білуге үйретеді. Қолөнер бұйымдарын жасау барысында қазіргі жастарға берер тәлім-тәрбиесі, пайдасы өте мол, сонымен қатар эстетикалық тәрбие бере отырып, өз қолдарымен қажетті бұйымдар жасай білуге, шеберлікке, барлық қолөнер шығармашылықтарын дамытады.

Бүлдіршіндердің білімді, білікті, саналы болуында *«Қазақ ертегілері»* жобасының алатын орны ерекше. Ұлттық ертегілерді пайдалана отырып баланың ой - өрісін дамыту, сонымен бірге тыңдай білуге, есте сақтау, түсіну,

рөлге бөліп, қазақша әдемі сөйлей білу мәнерін арттырамыз. Балаларға ертегі кейіпкерлерін сомдау арқылы әртістік өнер, сахналау, қойылым, сахна туралы түсінік беріп, қызығушылығын оятамыз. Көріністерді өзара сөйлесу дағдыларын дамыта отырып, бүлдіршіндердің тілді меңгеруіне деген сүйіспеншілікті арттырамыз. Әр балаға қуаныш, ұмытылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Әдетте адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтан да баланың жан–жақты қалыптасуы үшін мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек. Бала әр нәрсеге құмар, қызыққыш, өзінің айналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Оның жан-жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуін, тілінің дамуын театрландырылған ойындар арқылы жетілдіруге болады.

Балаларға сәби кезінен халық мұраларын, өз жерін қастерлеуді үйретсек, олардың ертең өз елінің нағыз азаматтары болып өсуіне қосқан үлесіміз зор болады.

# ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

| № | Мазмұны | Сағат саны |
|---|---|---|
| 1 | Музыкалық аспаптар және оның түрлері | 1 |
| 2 | Үрмелі аспаптар (сазсырнай, қамыс сырнай, мүйіз сырнай). | 1 |
| 3 | Ішекті аспаптар (домбыра, қылқобыз, жетіген) | 1 |
| 4 | Жіңішке сым аспаптар (шаңқобыз, шаңқауыз) | 1 |
| 5 | Ұрмалы аспаптар (дабыл, мүйіз, тұяқ) | 1 |
| 6 | Қоңыраулы аспаптар (асатаяқ, сылдырмақ) | 1 |
| 7 | Қорытынды ұйымдастырылған оқу қызметі: «Табиғаттың сазды әуендері» | 1 |
| 8 | Қазақ халқының қолөнері туралы түсінік | 1 |
| 9 | Ағаштан жасалған бұйымдар (күбі, келі, ағаш ыдыстар, төсек, сандық) | 1 |
| 10 | Жобалық іс-әрекет: «Күбі» | 1 |
| 11 | Жобалық іс-әрекет: «Келі» | 1 |
| 12 | Жобалық іс-әрекет: «Қол диірмен» | 1 |
| 13 | Теріден жасалатын заттар(қамшы, торсық, киімдер) | 1 |
| 14 | Жобалық іс-әрекет «Қамшы» | 1 |
| 15 | Жобалық іс-әрекет «Торсық» | 1 |
| 16 | Жүннен жасалатын заттар (киіз, текемет, арқан) | 1 |
| 17 | Жобалық іс-әрекет «Жүн түту, сабау» | 1 |
| 18 | Жобалық іс-әрекет: «Текемет жасау» | 1 |
| 19 | Зергерлік бұйымдар (жүзік, сырға білезік, алқа, шашбау, белдік) | 1 |

| | | |
|---|---|---|
| 20 | Жобалық іс-әрекет: «Моншақ тізу» | 1 |
| 21 | Жобалық іс-әрекет: «Жүзік, сырға, білезік» (ұжымдық жұмыс) | 1 |
| 22 | Қорытынды ұйымдастырылған оқу қызметі: «Өнерлінің қолы алтын» | 1 |
| 23 | Қазақ халық ертегілері туралы түсінік | 1 |
| 24 | «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» ертегісі | 1 |
| 25 | «Алдар Көсе» ертегісі | 1 |
| 26 | «Алтын сақа» ертегісі | 1 |
| 27 | «Қаңбақ шал» ертегісі | 1 |
| 28 | «Ұр тоқпақ» ертегісі | 1 |
| 29 | «Құйыршық» ертегісі | 1 |
| 30 | «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі | 1 |
| 31 | «Ер Төстік» ертегісі | 1 |
| 32 | «Жақсылық пен жамандық» ертегісі | 1 |
| 33 | «Түлкі мен ешкі» ертегісі | 1 |
| 34 | «Аңқау арыстан» ертегісі | 1 |
| 35 | «Мысық пен Мақта қыз» ертегісі | 1 |
| 36 | Қорытынды ұйымдастырылған оқу қызметі: «Ертегілер еліне саяхат» | 1 |
| **Барлығы 36 сағат** | | |

## ЕРЕСЕКТЕР ТОБЫНА АРНАЛҒАН «АСЫЛ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

| ҰОҚ № | Тақырыбы | Мақсаты |
|---|---|---|
| **ҚЫРКҮЙЕК** | | |
| №1 | Музыкалық аспаптар және оның түрлері. | Ұлттық аспаптармен таныстыру. Ұлттық аспаптарды ажырата білуге үйрету. Балалардың қазақтың ұлттық аспаптарына деген қызығушылығын арттыру. |
| №2 | Үрмелі аспаптар (сазсырнай, қамыс сырнай, мүйіз сырнай). | Балаларды қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстыру және оларды ажыратып, айта білуге үйрету. Балаларға аспаптардың атауларын айтқыза отырып, есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорын байытып, тілін дамыту. Қазақтың ұлттық өнеріне деген көзқарастарын кеңейту |
| №3 | Ішекті аспаптар (домбыра, қылқобыз, жетіген). | Балалардың музыкалық аспаптар туралы түсініктерін кеңейту, ұлттық аспаптардың қадір қасиетін бағалау, танымы мен талғамын, ой-өрісін молайту. |
| №4 | Жіңішке сым аспаптар (шаңқобыз, шаңқауыз). | Ұлттық аспаптардың әуендерін тыңдатып, ажырата білу дағдыларын қалыптастыру. Қазақтың ұлттық өнеріне деген көзқарастарын кеңейту өз дәстүрін қастерлеуге тәрбиелеу. |
| **ҚАЗАН** | | |

| | | |
|---|---|---|
| №5 | Ұрмалы аспаптар (дабыл, мүйіз, тұяқ). | Балалардың музыкалық аспаптар туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға аспаптардың атауларын айтқыза отырып, есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорын байытып, тілін дамыту. |
| №6 | Қоңыраулы аспаптар (аса таяқ, сылдырмак). | Қазақ халқының көне музыкалық аспаптары туралы түсінік қалыптастыру. Балалардың музыкалық ой-өрісін кеңейтуге, музыкаға баулуға, есту қабілетін анықтау, тәрбиелеу . |
| №7 | Қорытынды ұйымдастырылған оқу қызметі: «Табиғаттың сазды әуендері». | Қоршаған ортаға деген көзқарасын кеңейтіп, табиғатты сүюге, қамқор бола білуге, табиғат байлығын, сұлулығын сезіне білуге үйрету. |
| №8 | Қазақ халқының қолөнері туралы түсінік. | Балаларға қазақ халқының қол өнері туралы түсінік бере отырып, ұлттық қол өнеріне деген сүйіспеншілік-терін, көркемдік эстетикалық талғамын дамыту, халықтың тұрмыс-салт дәстүріне қызығу-шылықтарын ояту, шығармашылық ойлау қабілеттерін, тілдерін дамыту, ұқыптылыққа, қамқорлыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. |
| | **ҚАРАША** | |
| №9 | Ағаштан жасалған бұйымдар (күбі, келі, ағаш ыдыстар, төсек, сандык). | Ағаштан жасалған бұйымдармен таныстыру. Күбінің жасалу жолы мен оның қолданылатын орны жайлы ақпарат беру, ұлттық бұйым түрі екенін айту. Балалардың жұмыс істеу епттілігін қалыптастыру, еңбек мәдениетіне баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| №10 | Жобалық іс-әрекет: «Күбі». | Балалардың халықтың тұрмыс – салт дәстүріне қызығушылық-тарын ояту. Күбінің жасалу жолы мен оның қолданылатын орны жайлы ақпарат беру, ұлттық бұйым түрі екенін айту. Ермексазбен жұмыс істеу дағдыларын арттыру. |
| №11 | Жобалық іс-әрекет: «Келі». | Халқымыздың байырғы қолөнеріне, шеберліктеріне қызығушылығын арттыру. Балаларды өз ұлтының дәстүрлерін, бабадан қалған қолөнерін құрметтеуге баулу. Таза, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. |
| №12 | Жобалық іс-әрекет: «Қол диірмен». | Қазақ халқының тарихи мұрасының бірі- қол диірмені туралы түсінікті қалыптастыру, балаларды ұлттық дәстүрмен таныстырып, оны құрметтей білуге, үлгі тұтуға үйрету. |
| **ЖЕЛТОҚСАН** | | |
| №13 | Теріден жасалатын заттар (қамшы, торсық, киімдер). | Балаларға терінің не екенін білуге, және одан жасалатын заттар: торсық, мес, саба заттарының жасалу жолдарын білуге үйрету. Қазақтың тұрмыстық қолөнерін қадірлеуге тәрбиелеу. Тіл байлығын арттыру. Ойлау қабілетін дамыту. |
| №14 | Жобалық іс-әрекет: «Қамшы». | Балалардың ұлттық өнердің сән және қол өнер түріне деген сүйіспеншіліктерін, көркемдік эстетикалық талғамын дамыту, халықтың тұрмыс – салт дәстүріне қызығушылықтарын ояту, Қажетті |

| | | |
|---|---|---|
| | | материалды пайдаланып, қамшы өруді, жіптердің түстерін үйлестіре өру әдіс-тәсілін меңгерту. |
| №15 | Жобалық іс-әрекет: «Торсық». | Балаларды қазақ халқының шеберлігімен таныстыру. Сәндік қолданбалы өнер туындылары ұрпақтан-ұрпаққа берілетіні, қалыптасқан ұлттық салт-дәстүр туралы түсінік қалыптастыру, эстетикалық тәрбие беру, торсықты мүсіндеп, қазақ оюларымен әшекейлеп үйрету. |
| №16 | Жүннен жасалатын заттар (киіз, текемет, арқан). | Жүннен жасалатын бұйымдар заттары (киіз, текемет, арқан, бау) толық түсінік беру. Қазақтың ұлттық үй жабдықтарының жасалу жолдарын үйрете отырып, өнерге деген шеберлік, ынта қабілетін бойына сіңіріп, қабілетін дамыту. Тіл байлықтарын арттыру. Басқа бұйымдардан жүннен жасалатын бұйымды ажырата білуге үйрету. |
| **ҚАҢТАР** | | |
| №17 | Жобалық іс-әрекет: «Жүн түту, сабау». | Халқымыз осы жүнді түту, сабау, ирудің өзінде адамға пайдалы жақтарын үйрету.<br>Әдемілікке, тазалыққа, ұқыпты-лыққа баулу; Ұлттық өнер арқылы рухани-адамгершілік, патриоттық тәрбие беру. |
| №18 | Жобалық іс-әрекет: «Текемет жасау». | Ұлттық салт-дәстүрге құрметпен қарауға тәрбиелеу; текеметті ұлттық өрнектермен безендіру тәсілін үйрету; мәнерлілік элементтеріне тәрбиелеу; саусақ қимылдарын дамыту. |

| | | |
|---|---|---|
| №19 | Зергерлік бұйымдар (жүзік, сырға, білезік, алқа, шашбау, белдік). | Ұлттық зергерлік бұйымдар (жүзік, сырға, білезік, алқа, шашбау) жайында түсінік беру; Қазақ халқының қолөнері туралы ұғымдарын кеңейту; Әшекей бұйымдарға деген қызығушылықтарын арттыру. |
| №20 | Жобалық іс-әрекет: «Моншақ тізу». | Қазақ халқының қолөнері туралы ұғымдарын кеңейту. Қазақтың салт-дәстүріне баулу. Моншақты сәндік бұйым ретінде пайдаланатын әшекей екенін түсіндіру. Шаршы, дөңгелек пішіндегі текшелерден моншақ құрастыру жолдарын үйрету. |
| **АҚПАН** | | |
| №21 | Жобалық іс-әрекет: «Жүзік, сырға, білезік» (ұжымдық жұмыс). | Қазақтың салт- дәстүріне баулу. Қазақ халқының қолөнері туралы ұғымдарын кеңейту. Зергерлікке тәрбиелеу. Балаларды ұлттық ою-өрнектерді, алқа, білезік, сақина, жүзік таныстыру, шығармашылық қиялын дамыту. |
| №22 | Қорытынды ұйымдастырылған оқу қызметі: «Өнерлінің қолы алтын». | Қазақтың сәндік қолданбалы өнері жайлы түсінік беру. Ұлттық бұйымдармен таныстыру арқылы әсемдік-өнерін қастерлеуге үйрету. Ою-өрнек туралы мақал-мәтелдер, тақпақтар айтқызу арқылы сөздік қорын молайту. Бірлесіп жасай білуге, істеген жұмыстарын түсіне білуге тәрбиелеу. |
| №23 | Қазақ халық ертегілері туралы түсінік | Мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылығын қазақ халық ертегілері арқылы дамытып, сөйлеу қабілеттерін жан-жақты жетілдіру; Балаларға көркем |

| | | |
|---|---|---|
| | | туындысын түсіндіре отырып, шығарманың көркем мәтінін түсіндіру. |
| №24 | «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» ертегісі. | Ертегінің мазмұнымен балаларды таныстыру, тілдерін жаттықтыру, сөздік қорларын дамыту. |
| | **НАУРЫЗ** | |
| №25 | «Алдар Көсе» ертегісі. | Ертегінің мазмұнымен балаларды таныстыру, тілдерін жаттықтыру, сөздік қорларын байыту. Балаларды мұқият тыңдауға сабаққа белсенді қатысуға дағдыландыру. |
| №26 | «Алтын сақа» ертегісі. | Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-қозғалысын, «іс-әрекетін көрсетеді, рөлдерде қызыға ойнауға тәрбиелеу. Ертегілерді мұқият тыңдауға, ойынға белсенді қатысуға баулу. Балалардың сөздік қорын арттыру. |
| №27 | «Қаңбақ шал» ертегісі. | Балаларға ауыз әдебиетінің көлемді саласының бірі – ертегілер және оның түрлері туралы кеңінен түсінік беру. Ертегідегі негізгі ойды, идеяны ұғындыру. Балалардың сөйлеу тілін, сөздік қорын, шығармашылық қабілеттерін арттыра отырып, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру. |
| №28 | «Ұр тоқпақ» ертегісі. | Ертегі мазмұнын түсіндіру. Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетіне мінездеме беру. Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-қозғалысын, «іс-әрекетін көрсетеді, рөлдерде қызыға ойнауға тәрбиелеу. Ертегілерді мұқият тыңдауға ойынға белсенді қатысуға баулу. Балалар-дың сөздік қорын нығайту. |

| | | |
|---|---|---|
| **СӘУІР** | | |
| №29 | «Құйыршық» ертегісі. | Ертегі мазмұнын түсіндіру. Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетіне мінездеме беру. Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-қозғалысын, «іс-әрекетін көрсетеді, рөлдерде қызыға ойнауға тәрбиелеу. Ертегілерді мұқият тыңдауға ойынға белсенді қатысуға баулу. Балалардың сөздік қорын жетілдіру. |
| №30 | «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі. | Балаларға он екі жыл атаулары туралы түсіндіру. Балаларды достыққа, бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу. Балалардың қызығушылығын арттырып, сөздік қорын молайту. |
| №31 | «Ер Төстік» ертегісі. | Ертегінің мазмұнын меңгеріп, әдеби талдау арқылы ертегінің көңіл толқытар тұстарын мәнерлеп, өзіндік пікір, сыни көзқарас қалыптастыру. Адал достыққа, қайырымдылыққа, адамгершілікке, батылдыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу. |
| №32 | «Жақсылық пен жамандық» ертегісі | Жақсы мен жаман әдет-қылықтарды ажыратуды, адамгершілікке, жаман әдеттерден аулақ болуға үйрету. Балалардың ой-өрісін кеңейту, тіл байлығын молайту, ойлану, дамыту. Ұлттық салт-дәстүрлерді құрметтеуге, үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. |
| **МАМЫР** | | |

| | | |
|---|---|---|
| №33 | «Түлкі мен ешкі» ертегісі. | Оқыған ертегіні ұйып тыңдап, мазмұнын айта білуге үйрету. Ертегіге деген сүйіспеншілігін арттыру. Оқиға желісі бойынша дауыс ырғағын түрлендіре отырып, әңгімелеп айтып беруге үйрету. |
| №34 | «Аңқау арыстан» ертегісі. | Ертегі түрлерімен таныстыра отырып, ертегіні түсініп оқу, ертегі кейіпкерлерінің іс–әрекетіне мінездеме беру, ертегідегі негізгі ойды ашып, қорытынды жасау; Ертегіні түсініп, мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыра отырып, ой-пікірлерін қорытын-дылап айту шеберліктерін, сөйлеу әрекеттерін жетілдіре түсу, сөз байлықтарын дамыту. |
| №35 | «Мақта қыз бен мысық » ертегісі. | Балаларды көркем шығармамен таныстыру, ынта қойып тыңдауға дағдыландыру. Оқиға желісі бойынша дауыс ырғағын түрлендіре отырып, әңгімелеп айтып беруге үйрету. Жұмбақ, жаңылтпаш, мақал–мәтелдерді жаттату арқылы баланың тілін дамыту. |
| №36 | Қорытынды ұйымдастырылған оқу қызметі: «Ертегілер еліне саяхат». | Оқыған ертегіні ұйып тыңдап, мазмұнын айта білуге үйрету. Ертегіге деген сүйіспеншілігін арттыру. Достарына көмектесуге тәрбиелеу. |

## ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №1**

**Білім беру саласы: Вариативті**

**Бөлімі: Асыл мұра**

**Тақырыбы: Музыкалық аспаптар және оның түрлері**

**Мақсаты:** Ұлттық аспаптармен таныстыру. Ұлттық аспаптарды ажырата білуге үйрету. Балалардың қазақтың ұлттық аспаптарына деген қызығушылығын арттыру.

**Заттық даму ортасы:** домбыра, қобыз, сыбызғы.

**Оқу қызметі барысы:**

**Кіріспе бөлімі.**

Шаттық шеңбері: Балалар жарты шеңбер болып тұрады;

Оң қолымда білезік,
Сол қолымда білезік.
Сәнді көйлек киелік,
Бәріміз бірге билейік.

Жұмбақ: Ұзын мойын екі ішек,
Қатар-қатар тепкі.
Басып қалсаң бір-бірлеп,
Күй шығады күмбірлеп.

- Балалар, бұл жұмбақ қандай музыкалық аспап туралы: «Домбыра»

**Негізгі бөлім:** Суреттер арқылы әңгімелесу.

Домбыра: қазақтың ұлттық аспабы.

Қобыз: Қобыз-ысқақпен, ойналатын, қос ішекті ескі музыкалық аспап.

Жетіген: жеті ішекті шертіп ойнайтын музыкалық көне аспаптардың бірі. Бұрауы жоқ. Сондықтан оның құлақ күйі жеті асықтан тұрады. Шанағы ағаштан ойып жасалған.

Сыбызғы: үрлеп ойнайтын ескі музыкалық аспап. Бармақ басатын үш тесігі бар.

Д/ойын: Ережесі; Үнтаспа арқылы аспаптар үні беріледі. Балалар қимыл- қозғалыс арқылы көрсетеді.

Сергіту сәті: 1,2,3 Бойға жина күш.

Ал қанекей балалар әндетеміз біз,
До, ре, ми, до, ре, ми.

**Қорытынды бөлімі:**

-Балаларды шеңберге тұрғызу.

-Тақтада қандай суреттер қалды?

-Домбыра, сыбызғы, қобыз т.б

-Міне біз оларды бір сөзбен нелер деп атаймыз?

Қорытындылау, мадақтау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №2**

**Білім беру саласы: Вариативті**

**Бөлімі: Асыл мұра**

**Тақырыбы: Үрмелі аспаптар** (сазсырнай, қамыс сырнай, мүйіз сырнай).

**Мақсаты:** Балаларды қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстыру және оларды ажыратып,айта білуге үйрету. Балаларға аспаптардың атауларын айтқыза отырып, есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорын байытып,тілін дамыту. Қазақтың ұлттық өнеріне деген көзқарастарын кеңейту.

**Заттық дамыту ортасы:** Үрмелі аспаптар(сазсырнай, қамыс сырнай, мүйіз сырнай) суреттері, үнтаспа, интерактивті тақта

**Оқу қызметі барысы:**

**Кіріспе:**

*Шаттық шеңбері:*

Қайырлы күн, апайлар,
Қайырлы күн, достарым.
Ойын- ойнап, би- билеп,
Ән саламыз біз бүгін.

Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне жылулық сыйлайды. Мейірімді жүзбен амандасып, бүгінгі күнге сәттілік тілейді. Қимылмен қайта-қайта қайталайды.

- Балалар, өткен оқу қызметінде сендермен біз музыкалық аспаптардың түрлерімен танысқанбыз. Қане есімізге түсіріп көрейік. Музыкалық аспаптарды көрсетіп атайды.

**Негізгі бөлім:** Бүгін біз ұлттық үрмелі аспаптармен танысамыз.

Интерактивті тақтадан суреттерін көрсетін таныстыру.

Үрлемелі музыка аспаптары.

Дыбысы үрлеу арқылы шығатын музыкалық аспаптар. Үрлемелі музыкалық аспаптардың көне түрлері ағаштан, сүйектен, мүйізден, темірден, саздан жасалған. Қазақ халқында үрлемелі музыка аспаптарының түрлері (сыбызғы, саз, сырнай, үскірік, тастауық,… )

Үрлеп тартылатын аспаптар- қамыс сырнай және қос сырнай, мүйіз сырнай.

«Сырнай» деп музыкалық аспаптардың бірнеше түрін атаған. Үрлеп тартылатын аспаптарды бір-бірінен бөліп атау үшін «сырнай» деген сөзге аспап жасалатын материалға немесе оның жасалу ерекшелігіне қатысты сөзді және кейде үн шығару тәсіліне байанысты сөз қосып айтқан. Мысалы: қамыс сырнай, мүйіз сырнай, саз сырнай,...

Қамыс сырнай мен қос сырнай өзінің үніне және тембріне қарай қазақтың басқа да үрлеп тартылатын аспаптарынан өзгеше болып келеді.

Бұл аспаптардың көлемі шағын болғанымен дауысы ашық болады. Қамыс сырнай мен қос сырнай күйлерінің диапазоны қысқа, шағын боп келеді.

Саз сырнай, үскірік және тастауық. Саздан жасалынып, үрлеп тартылатын аспаптардың бірегей

түрлері- саз сырнай, үскірік және тастауық. Бұл аспаптар «окарина» тектестер қатарына жатады. Бұл аспаптарды саздан жасап, кейін отқа күйдіреді. Олардың көлемі де, түрі де әр қилы болып келеді. Олардың сыртын көмкеріп ою-өрнек салған, кейде глазурьмен жылтыратады. Мұндай аспаптардың бәрі де ысқырып ойналатын флейтаның тобына жатады. Саз сырнай жасау үшін- қоймалжың балшықты арнайы жасалған қалыптың сыртынан қаптап қатқан соң екіге бөліп алып, ол бөліктерді қайта біріктіреді де кепкеннен соң ойықтар ояды. Ойықтардың саусақпен басуға ыңғайлы болуы үшін аспаптың оңтайлы ұсталатын болуы да ескеріледі. Үрлеуге арналған ойық екі еріннің аралығынан оң жақтан келетіндей етіп және орта тұстан сәл солға қарай қыйыстап ойылады. Мүйіз сырнай – мүштік арқылы үрлеп ойналатын аспаптардың ескі түрі. Мүйізден жасалады.

Жұмбақ: Сырнайдың үніндей,
Бұлбұлдың біріндей (сазсырнай)

Сергіту сәті. Домбыраның құлағын
Мәнерменен бұрағын
Достарыңды ертіп кел,
Содан кейін шертіп көр.

Домбыра ұстатып, би қимылдарын жасату.

Балалар би қимылдарын қайталайды .

Ойын: « Үнінен таны»

Шарты: аспаптардың дауысын естіп қандай аспап екенін айтады.

**Қорытынды**

Балалар бүгін қандай аспаптармен таныстық?.

Бүгінгі сабағымыз ұнады ма?

Аспаптарды ажырата білеміз бе?

Қорытындылау, мадақтау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №3**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** «Ішекті аспаптар»
**Мақсаты:** Балалардың музыкалық аспаптар туралы түсініктерін кеңейту, ұлттық аспаптардың қадір қасиетін бағалау, танымы мен талғамын, ой-өрісін молайту.
**Заттық дамыту ортасы:** музыкалық аспаптардың суреттері, слайдтық презентация, ішекті аспаптарының суреттері, үнтаспа.
**Оқу қызметі барысы:**
**Кіріспе:**

*Шаттық шеңбер:*

Балабақшам арайлы,
Таң шапағы тарайды.
Күннен шуақ аламыз
Қуандырып талайды.
Көңілді аспаптармен
Жырға бөлеп маңайды.
Қайырлы күн, апайлар,
Қайырлы күн, достарым!

Тәрбиеші: - Сәлеметсіңдер ме? Балалар, біз бүгін қазақ халқының саз аспаптарымен танысатын боламыз. Ол үшін сендер жұмбақ шешулерің керек.

Жұмбақ:
Екі құлақты,
Он тоғыз тұяқты,
Шешуін тапшы,
Күмбірлеген күй
Төгілген сияқты (Домбыра)

Өте дұрыс, ендеше, балалар біз қазақтың ұлттық аспаптарымен танысайық.

«Екі ішектің бірін катты,
Бірін сәл-пәл кем бұра

Нағыз қазақ қазақ емес,

Нағыз қазақ домбыра» - деп ақындар жырлағандай қазақ халқы үшін ұлттық аспаптардың орны ерекше. Дина Нүрпейісова күйші әжеміз домбыраны қолға алысымен домбыра бұлбұлдай сайрайды. Содан кейін «Бұлбұл» күйі дүниеге келеді.

Ненің суретін көріп тұрмыз? Балалар суретке қарайды.

Бізде осы балалар секілді әнші болу үшін жаңа ән жаттап, үйренеміз.

Балалар ән айтады. Ән: «Домбыра сазы» сөзі: Х.Талғаров, әні: И.Нүсіпбаев.

**Негізгі бөлім:**

Елдің жырын жырлаған
Қайғысын да толғаған.
Домбырасыз ешқашан
Жүрекке ем қонбаған.

К-сы:
Домбырасыз ән қайда?
Домбырасыз сән қайда?
Ән мен күй бар өмірде
От та лаулап жанбай ма?

2.Құрманғазы ,Тәттімбет
Домбырамен сайраған.
Жүрекке от жақсын деп,
Елге күйін арнаған.

Әнді айтқанда ән айту ережесіне мән береміз. Балалар би қимылдарын мұқият қарап үйренуге тырысады. Балалар ән үйренеді.

**Сергіту сәті:**

Кәне, балалар, тұрайық,
Аспапқа қол созайық,
Қобызды да ойнайық
Домбыраны да тартайық
Сыбызғыны сызылтып,

Билеп-билеп алайық.
**Қорытынды бөлім:**
-Бүгін қандай оқу қызметін өттік?
-Қандай ән айттық?
-Би ұнады ма?
Мадақтау.Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларға тәттілер тарату.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №4**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы: Жіңішке сым аспаптар (шаңқобыз, шаңқауыз)**
**Мақсаты:**Ұлттық аспаптардың әуендерін тыңдатып, ажырата білу дағдыларын қалыптастыру. Қазақтың ұлттық өнеріне деген көзқарастарын кеңейту өз дәстүрін қастерлеуге тәрбиелеу.
**Заттық дамыту ортасы:** шаңқобыз, шаңқауыз, суреттері, үнтаспа.
**Оқу қызметі барысы:**
**Кіріспе:** ***Шаттық шеңбері***

Ән саламыз бәріміз,
Досымызды табамыз
Сәлемет пе?! Міне мен!
Доспын енді сенімен

Ұлттық музыкалық аспаптар жайлы түсінік беру.
**Негізгі бөлім:** Бүгінгі оқу қызметінде көне ұлттық музыкалық аспап түрімен танысамыз. Бұл аспап шаңқобыз деп аталады.

Шаңқобыз - бұл көне музыкалық аспап. Оның ортасында сүйір тілшесі болады. Шаңқобыз тек металдан ғана жасалмаған, жұқа ағаш тақтайшадан жасалған, ішінде

жіңішке тілшесі бар шаңқобыздар да болған. Шаңқобыздың құрылысы күрделі емес. Оның көлемін әртүрлі етіп жасаған. Ол екі жақ ұшы сүйірленген, ортасында жіңішке тілі бар лираға ұқсайды. Тілшенің ұшы тік бұрыштала иілген, ол тілшені шалып тербеліске келтіруге арналған. Тілшенің екінші ұшы жиекке бекітілген. Тілшенің тербелуіне ештеңе бөгет жасамауға тиіс.

Жұмбақ : Жіберсең бастап.
Қобыздай асқақ,
Ерекше үні бар,
Бұл қандай аспап.

Сергіту сәті:
Кәне балалар тұрайық
Аспапқа қол созайық,
Қобызды да ойнайық
Домбыраны да тартайық
Сыбызғыны сызылтып,
Билеп-билеп алайық .
Ойын: « Аспаптарды ажырат »
Ойынның шарты: балалар екі топқа бөлініп, тақтаға қазақтың ұлттық аспаптарын және шетелден шыққан аспаптарды ажырата білу және аспаптардың аттарын атап өту.

**Қорытынды бөлім:**
-Балалар, бүгін қандай аспаптармен таныстыңдар?
-Ұлттық жіңішке сым аспаптарға қандай аспаптар жатады?
Қорытындылау, мадақтау, қоштасу.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №5**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы: Ұрмалы аспаптар (дабыл, мүйіз, тұяқ)**
**Мақсаты:** Балалардың музыкалық аспаптар туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға аспаптардың атауларын айтқыза отырып, есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорын байытып,тілін дамыту.
**Заттық дамыту ортасы:** музыкалық аспаптардың суреттері, слайдтық презентация, ұрмалы аспаптарының суреттері, үнтаспа.интеративті тақта
**Оқу қызметі барысы:**
**Кіріспе:**
*Шаттық шеңбері:*

Қайырлы таң, алтын күн!
Қайырлы таң, ашық аспан!
Қайырлы таң, досым!
Қайырлы таң, қонақтар!

Музыкалық аспаптардың түрлері туралы сұрап, музыкалық бұрышқа саяхат ұйымдастыру.

**Негізгі бөлім:**

Ұрмалы аспаптар туралы түсіндіру. Қазақ халқы көбіне мал шаруашылығымен айналысқан. Сол малдың шегін, тұяғын аспапқа пайдаланған. Қазақта асатаяқ, қоңырау, сақпан, тұяқтас, шыртылдақ сияқты сілкіп, ұрып ойнайтын аспап та бар. Ертеде ұрмалы аспаптарды әскери ұрыстарда,аңға шыққанда,халықтық мерекеге жинағанда пайдаланған. Сондай-ақ ұрмалы аспаптарды бақсылар адамдарды емдеуге пайдаланған. Ал мал күзетушілер үшін ит-құсты үркітуге таптырмас құрал болған Дабыл-бұл «дабыл-қағу» деген сөз. ертедегі ұрмалы саз аспабы. Дауысы зор болғандықтан дабылды ертеде жаугершілікте ел шетіне жау келгенін хабарлауға, жауға аттанар жасақты жиюға қолданған. Қазақ ауыз әдебиеті

үлгілерінде дабыл батырлардың бес қаруына қоса алып жүретін бұйымы ретінде көрсетіледі. Дабыл қатты дыбыс-белгі (сигнал) беретін аспап болғандықтан, басқа да тұрмыстық қажеттіліктерге пайдаланылған.

Тұяқтас-ұру арқылы үн шығаратын аспап тобына жатады. Ол жылқының тұяғынан жасалады.

Тұяқтасты бессаусақтың ұшымен алақанға жеткізбей ұстап, екі шеткі жиегін кезекпен жартылай дөңгелетіп, шмастыра отырып соғу керек.

Сергіту сәті: « Әуенін тап »

Шарты: Ән-саз жетекшісі үнтаспа арқылы әртүрлі әуендерден үзінді қояды.

Жұмбақ жаттау:

Ел қорғайтын ерлікке
Әуенмен шақырған
Батылдыққа ерлікке
Әуенмен шақырған. ( Дабыл)

**Қорытынды бөлім:**

-Балалар оқу қызметінде не жайлы әңгімеледік?
Қазақтың ұлттық аспаптары жайлы.
-Аспаптар қандай түрлерге бөлінеді?
-Шертпелі, ұрмалы, үрлемелі
-Бүгінгі оқу қызметімізде не істедік?
-Ән тыңдадық, ән айттық, аспаптармен таныстық, аспаптарда ойнадық, би биледік.
-Жақсы, енді мен сендерге дайындаған көңілді кескін белгілерін сыйға тартамын.
(балаларды мадақтап көңілді кескін бейнеленген поталарды тарату).

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №6**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы: Қоңыраулы аспаптар (аса таяқ, сылдырмақ)**

**Мақсаты:**қазақ халқының көне музыкалық аспаптары туралы түсінік калыптастыру, балалардын музыкалық ой-өрісін кеңейтуге, музыкаға баулуға, есту қабілетін анықтау, тәрбиелеу.

**Заттық дамыту ортасы**: музыкалық аспаптардың суреттері, слайдтық презентация, ұрмалы аспаптарының суреттері, үнтаспа, интеративті тақта

**Оқу қызметі барысы:**

**Кіріспе:**

Шаттық шеңбері:

Көтерілш шаңырақ,
Керегелер керілер.
Уықтары шаншылып,
Өрімдей боп өрілер,
Қол ұстассақ айнала
Киіз үй болып көрінер.
Ал балалар, шеңберге біз тұрайық,
Киіз үйдің шаңырағын құрайық.

Ұлттық музыкалық аспаптар туралы түсінік береміз.

**Негізгі бөлім: Сылдырмақ** – сақпан, асатаяқ, тоқылдақ, қоңырау сынды сілкімелі аспаптардың қатарына жататын қазақ халқының көне музыкалық аспабы. Шулы-сілкімелі сылдырмақ аспабы тұтасымен қола, мыс, жез секілді металлдар мен шырша, емен, үйеңкі сияқты ағаштардан жасалады. Үн үйлесіміне байланысты «күлдіреуікті», «сәлпеншекті» деген түрлері бар. Сыртқы келбеті ұстауға ыңғайлы әрі жеңіл болады. Қазақ халқы ерте заманда көшпенді болғандықтан, аспап күнделікті тұрмыста қажетке жарап, шаруашылыққа қажет бұйым

ретінде кеңінен пайдаланған. Кейін сылдырмақ ауылдың алты ауызы айтылған кезде, әуен ырғағын ұстап тұрып, бірте-бірте музыкалық аспаптардың қатарынан орын алды. Сылдырмақ салтанатты діни-ғұрыптық рәсімдерде қобыз, даңғара, дауылпаз, керней сияқты аспаптармен қатар қолданылған. Ал шеберлер болса аспаптың сыртқы жағын алтын я күміспен қаптаған.

Жұмбақ: Даусы бар, жаны жоқ,
Сілкілесең сыңғырлаған әні көп
Ол қай аспап? Асатаяқ

Асатаяқ-ертеден келе жатқан сілкімелі аспап.Қазақ халқында ұлттық билерді сүйемелдеу үшін қолданылған шу шығаратын аспап .

Қазақта сақпан, тұяқтас, қоңырау, шартылдақ сияқты сілкімелі аспаптар бар.

Қоңырау- музыкалық аспап. Ертеде қоңыраудың әр түрлі үлгілері діни жораларда, салт-дәстүр рәсімдерінде қолданылған.

Кейде сыртынажұқалап алтын, күміс жалатылады. Қоңырауды арнайы жеңіл таяқшамен соғып ойнайды.

Сергіту сәті:-Балалар, енді шаршаған шығарсыңдар, барлығымыз көңіл көтеріп, би қимылдарын жасап көрелік.

-Би «Асатаяқ биі» деп аталады.

Балаларға экрандағы астаяқпен би қимылдарын ілесіп орындауды ұсыну.

**Қорытынды бөлім:**

-Аспаптар қандай түрлерге бөлінеді?
-Шертпелі, ұрмалы, үрлемелі
-Бүгінгі оқу қызметімізде не істедік?
-Ән тыңдадық, ән айттық, аспаптармен таныстық, аспаптарда ойнадық, би биледік.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №7**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы**: **«Табиғаттың сазды әуендері»**
**Мақсаты**: Қоршаған ортаға деген көзқарасын кеңейтіп, табиғатты сүюге, қамқор бола білуге, табиғат байлығын, сұлулығын сезіне білуге үйрету.
**Заттың даму ортасы:** жылдың төрт мезгілінің суреттері, музыкалық аспаптар
**Оқу қызметі барысы:**
**Кіріспе:**
Шаттық шеңбер: Біз қандаймыз, қандаймыз?
Шұғылалы таңдаймыз
Күлімдеген күндейміз
Ренжуді білмейміз
Қуанамын мен де
Қуанасың сен де
Қуанайық достарым
Арайлап атқан күнге
-Жарайсыңдар балалар, енді бәріміз күнге қарайықшы.
-Күн бізге не береді?
-Олай болса күнмен амандасып алайық.
-Балалар бүгін аптаның қай күні?
-Қазір жылдың қай мезгілі?
-Балалар, күздің қандай белгілерін байқадыңдар?
-Қандай айлар күз мезгілдеріне жатады?
-Тамаша!
Балалар тәрбиешінің көмегімен өлең жолдарын бірге қайталап, қимылмен көрсетеді.
Алдымен балалар мен сендерге табиғат әлемі жайлы жұмбақ жасырайын.
1.Таңмен көзін ашады.
Әлемге нұрын шашады (күн)

**Негізгі бөлім:** - Балалар адамдар күннің жарығы және жылусыз өмір сүре ала ма?

- Әрине, жоқ. Жер бетіндегі барлық тіршілік иелеріне күн сәуле, жарық, жылуын және де сазды әуен төгіліп тұруы қажет.

Жылдың төрт мезгіліне сай музыка әуендерін тыңдау. Музыкалық аспаптардың үнін ажырату. Көңіл күйлері жайлы әңгімелеп беру.

Сергіту сәті: Күн болып жайнайық,
Мөлдір су боп ағайық,
Гүл болып жайнайық,
Терең терең домалап ,
Жүріп, жүгіріп алайық.

Ойын: «Жақсы-жаман» ойынын ойнайық.
Ойын ережесі: Жақсы жаман қасиеттері белгіленген, суреттерге қарап «Жақсы қасиеттері болса, қол шапалақтау»

**Қорытынды бөлім:**

-Аспаптар қандай түрлерге бөлінеді?
-Шертпелі, ұрмалы, үрлемелі
-Бүгінгі оқу қызметімізде не істедік?
-Ән тыңдадық, ән айттық, аспаптармен таныстық, аспаптарда ойнадық, би биледік.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №8**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы: «Қазақ халқының қолөнері туралы түсінік»**
**Мақсаты:** Балаларға қазақ халқының қол өнері туралы түсінік бере отырып, ұлттық қол өнеріне деген сүйіспеншіліктерін, көркемдік эстетикалық талғамын дамыту, халықтың тұрмыс-салт дәстүріне қызығушылықтарын ояту, шығармашылық ойлау

қабілеттерін, тілдерін дамыту, ұқыптылыққа, қамқорлыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.

**Заттық дамыту ортасы:**

Қазақ халқының ұлттық ою-өрнектері, сәнді колданбалы бұйымдары, зергерлік бұйымдар жайында слайд, суреттер. Түрлі түсті қағаз, қатырма қағаз, қайшы, желім.

**Оқу қызметі барысы:**

***Кіріспе: Шаттық шеңбері:***

Арайланып таң атты,
Алтын шуақ таратты
Қайырлы таң, балалар,
Қайырлы таң, апайлар!

Тәрбиеші: -Балалар бүгін сендерге қолөнер жайында әңгімелегім келіп тұр. Кейбір ұлттық қол өнерімен біз күнделікті үйде, қонаққа барғанда, балабақшада да көріп жүрміз. Әрқайсысымыздың үйдегі шебер әжелеріміздің талай әдемі оюлы нәрселерді тігетіндерін білесіңдер, сол бұйымдарға нелер жатады?

Балалардың жауаптары

-Көрпе
-Кілем
-Көйлек
-Камзол
-Шапан

Тәрбиеші: -Дұрыс айтасыңдар, тағы да басқа тымақ, сәукеле, сырмақ, тақия, текемет, алаша сияқты заттар жатады. Ал аталарымыз ағаштан, темірден қандай бұйымдар жасағанын білгілерің келе ме?

**Негізгі бөлім:**

Слайд арқылы балаларға сандық, ұршық, бесік, қамшы, домбыра, үстел, ер-тұрман, кебеженің суреттерін көрсету. Ал өздеріңнің аналарыңның, әпкелеріңнің, әжелеріңнің зергерлік бұйымдары бар ма?

Балалар жауаптары:

-Ия, менің әжемде білезік бар.

-Менің әпкемде әдемі алқа бар.

-Менің анамда сақина бар.

Тәрбиеші: -Дұрыс айтасыңдар, тағы да басқа зергерлік бұйымдар түрі өте көп. Мысалы: шолпы, бойтұмар, қапсырма шашбау, алқа, білезік. Сонымен қатар көптеген ыдыс түрлері бар: кесе, табақ, тостаған, астау, ожау, торсық,. Осы бұйымдардың барлығын қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен әшекейлеген.

Балалар педагогті тыңдайды.

Балаларға ою-өрнектерді көрсету (қошқар мүйіз, жұлдыз, гүл, ботагөз, тарақ т.б.). Балалар суретті тамашалайды.

*Сергіту сәті*

Маған арнап жекелеп
Әжем басты текемет.
Бір топ бала аяқпен,
Теуіп бердік төпелеп.
Басу қызық текемет,
Үсті-үстіне төпелеп.

Балалар іс-қимылдарды мұқият орындайды.

Сонымен осы бұйымдардың барлығын, халқымыз бір сөзбен қолөнер түрі деп атайды екен?

-Қандай өнер түрі бар деп атаймыз?

Балалар: Қолөнер түрі.

Тәрбиеші: Ал енді, балалар, орындарыңда отырып, алдарыңдағы түрлі-түсті қағазға түскен оюларды қырқып алып ақ параққа желімдеп жапсырыңдар. Жұмысқа кріспес бұрын қауіпсіздік ережесін еске түсіру. (қайшыны дұрыс ұстау, желіммен ұқыпты, таза жұмыс істеу). Балалар жұмысты аяқтап қандай ою-өрнектерді пайдаланғандары жайында әңгімелейді. Балалар, жұмыстарыңды бітіріп нәтижеге жету үшін біраз еңбек еттіңдер, енді маған осы

еңбек туралы мақал-мәтелдер айтып берсеңдер. Балалар жауап береді:

-Еңбек түбі -береке

-Еңбек етсең емерсің

-Өнерлі бала алтын бала.

**Қорытынды бөлімі:**

- Балалар, бүгінгі оқу іс- әрекетінде біз не жайында білдік?

Қазақ халқының қол өнеріне нелер жатады екен?

Балалар жауабы:

- Қазақ халқының қолөнері жайлы көп білдік!

- Зергерлік бұйымдар

- Ағаштан жасалған бұйымдар

- Ыдыс-аяқтар

- Ою түрлері жатады

- Балалар оқу қызметіне өте жақсы қатыстыңдар, мақал-мәтелді жақсы айттыңдар. Жасаған оюларың да өте әдемі болды. Сендерге рахмет!

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №9**

**Білім беру саласы: Вариативті**

**Бөлімі: Асыл мұра**

**Тақырып:** Ағаштан жасалған бұйымдар (күбі, келі, ағаш ыдыстар, төсек, сандық)

**Мақсаты:** Ағаштан жасалған бұйымдармен таныстыру. Күбінің жасалу жолы мен оның қолданылатын орны жайлы ақпарат беру, ұлттық бұйым түрі екенін айту. Балалардың жұмыс істеу ептілігін қалыптастыру, еңбек мәдениетіне баулу.

**Заттық дамыту ортасы:** үлгі суреттер, ермексаз, слайд көрсету.

**Оқу қызметі барысы:** Кіріспе

*Шаттық шеңбері*

Қол алысып, кәне біз
Достасайық бәріміз.
Айтарым бар сендерге,
Тез тұрыңдар шеңберге.
Қандай жақсы бір тұру,
Достарыңмен бір жүру.
Балалар тәрбиешінің әрекетін орындайды.

Тәрбиеші:-Балалар бүгінгі оқу іс- әрекеті ерекше болмақ, өйткені бізге қонаққа Әбдуәлидің әжесі келген екен. Әжей балалармен сәлемдесіп, балаларға жұмбақ жасырады .

Аппақ су-дәмі тәтті
Ішсең сусын қандырады
шөлдегенде қатты.
Тостаған, торсық, саба,күбі,мес ,
Бәрін қоссақ болады ол -бес
Осылардың ішіне не құяды?
Білгіш болсаң жұмбағымды шеш.
Балалар әжеймен сәлемдеседі.
Жұмбақтың жауабын шешеді

-Сусын

-Қымыз.

**Негізгі бөлімі:**

Тәрбиеші: Балалар бүгін мен сендерге ағаштан жасалған бұйымдар оның ішінде күбі туралы айтқым келіп тұр.

Ата-бабаларымыз ағаштың түрін, жай-күйін өте жақсы білген. Сондықтан ыдыс-аяқты көбінесе ағаштың безінен, қатты жерінен жасап отырған. Ағаш ыдыс жарылып кетпеуі үшін оны майлап май сіңіру керек.

Ертеде қазақтың баспанасы киіз үйінен бастап, қарапайым қасығына дейін ағаштан жасалған екен. Балалар педагогты тыңдайды.

- Балалалар сендер қымыз, шұбат ішкенді жақсы көресіңдер ме?Ал ондай болса осы қымызды,шұбатты қандай ыдыста дайындайтынын сендерге айтып берейін. Ол ыдыстың атын күбі дейді. Күбі дегеніміз - май шайқайтын, көже, ашымал ашытатын қымыз, шұбат пісетін іші кең ыдыс. Күбіні, піспекті жасауға-қайың, емен, арша ағашын пайдаланған. Күбінің аузы жағы тарлау келеді де дөңгелек қақпағының ортасына піспек өткізілетін тесік жасалады. Күбінің бойы аласалау іші кеңдеу болады.

Балалар орнымыздан тұрып сергіп алайық!

Өрнектейін өмірді
Өнердің бәрі көңілді.
Қолы алтын шебердің
Бәрі жақсы өнердің.

Дидактикалық ойын

Қай ыдыс қандай заттан жасалғанын ажырат:

Интерактивті тақтадан т.б ағаштан жасалған бұйымдарды көрсету (келі, ағаш ыдыстар, төсек, сандық.)

Ал енді, балалар, алдарындағы ермексазды есу әдісі арқылы әрқайсыларың күбіні жасаңдар.

Педагог балаларға күбінің жасалу жолдарын көрсетеді

Балалалармен жеке жұмыс жүргізіледі

**Қорытынды бөлім:** Педагог оқу іс- әрекетін қорытындылайды, балаларға сұрақтар қояды: Ағаштан жасалған бұйымдарды айтып беріңдерші?

-Күбі
-Келі
-Сандық

Тәрбиеші балаларға ризашылығын білдіріп, өзімен алып келген сусынын (қымыз ) балаларға береді. Балалар қуанып, рахмет айтады.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №10**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы: Жобалық іс-әрекет: «Күбі»**
**Мақсаты:** Балалардың халықтың тұрмыс – салт дәстүріне қызығушылықтарын ояту. Күбінің жасалу жолы мен оның қолданылатын орны жайлы ақпарат беру, ұлттық бұйым түрі екенін айту. Ермексазбен жұмыс істеу дағдыларын арттыру.
**Заттық дамыту ортасы:** күбі түрлері, мақал-мәтелдер, слайд.
**Оқу қызметі барысы: Шаттық шеңбері:**

Амансыз ба, алтын күн!
Амансыз ба, ашық аспан!
Амансыз ба, Жер ана!
Сәлеметсіздер ме, қонақтар?
Оқу қызметімізді бастайық,
Жалқаулықты тастайық.

**Кіріспе:** Ағаштан жасалған бұйымдар, жасайтын шеберлер туралы слайд көрсетіп, айтып түсіндіру.
**Мақалдар айтқызу:** 1.Шебердің қолы – алтын,
Шешеннің сөзі – алтын.
2. Шешеннің тілі – шебердің бізі.
3. Өнерлі бала – сүйкімді.
**Негізгі бөлім:** Бүгін біз ағаштан жасалған бұйымдардың бірі күбімен танысамыз және ермексаздан жасап көреміз.
**Күбі** - май шайқайтын, көже, ашымал ашытатын, саба орнына қолданылатын қымыз, шұбат пісетін ыдыс.

Күбінің жасалу технологиясы қиын болғандықтан сирек кездеседі. Күбінің ауыз жағы тарлау келеді де, дөңгелек қақпағының ортасына піспек өткізілетін тесік жасалады. Қымызға арналған күбілер әдетте аласалау, кеңдеу болады. Кейбір күбінің сыртына ою - өрнек салынады.

**Жасалу жолы:** Күбіні, піспекті жасауға- қайың, емен, арша, талдан дайындалған жұқа тақтайшалардан құрап жасайды. Жеке тақтайшалардан құрап жасаған күбіге түп салынады, сыртынан темір құрсаулармен тартады. Күбіде төрт құрсау болады.

Күбінің келесі түрі-ағаш діңінің ортасын тұтас ойып жасалған күбі. Мұндай күбі жасалу технологиясының қиындығына байланысты өте сирек кездеседі. Оның іші тегіс болу үшін күйдіріледі. Күбінің сыйымдығы әртүрлі болады. Шаң-тозаң түспес үшін, дөңгелек қақпақ жасалады. Піспек сабы шығып тұратын тесік қалдырады. Күбіні біз ермексазбен жасап көрейік.

**Сергіту сәті:**

**Өз бетінше жұмыс:**

**Қауіпсіздік ережесі:** Ермексазды иіскемеу керек, ауызға салмаймыз, жұмыс істеп болған соң қолымызды жуып, сүртеміз.

**Қорытынды бөлім:** - Бүгін біз не жасадық?

-Күбіні жасау үшін қандай ағаш түрлерін пайдаланған?

-Күбіде неше құрсау болады?

-Бұрынғы заманда неге ата-бабаларымыз күбіні ыдыс ретінде ұстаған?

Балалардың жұмыстарын мадақтау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №11**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы: «Келі»**
**Мақсаты:** Халқымыздың байырғы қолөнеріне, шеберліктеріне қызығушылығын арттыру. Балаларды өз ұлтының дәстүрлерін, бабадан қалған қолөнерін құрметтеуге баулу. Таза, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.
- **Заттық дамыту ортасы: :** интерактивті тақта,келі,суреттер
**Оқу қызметі барысы:**
**Кіріспе:** Шаттық шеңбері

Біз ұқыпты баламыз,
Айтқан тілді аламыз.
Ойыншықтарды жинаймыз,
Үлкендерді сыйлаймыз.
Үйге қонақ келгенде,
«Сәлеметсіз бе»-деп айтамыз.

Ағаш өңдеуде біздің қазақ халқы алдына жан салмайтын, ағаштан түйін түйетін халық. Қасиетті саналатын ұлттық бұйымдарымыздың жасалу технологиясы мен олардың әшекейленуі эстетикалық тұрғыдан алғанда басқа халықтардан кем түспейді (ұлттық бұйымдар туралы слайд көрсету).

**Негізгі бөлім: Келі-келсап туралы түсінік беру.** Келі-келсап – тары, бидай т,б. дәнді дақылдарды түйетін, ұнтақтайтын қатты ағаштан жасалған құрал. Ағаш келінің екі түрі болады: тақта келі, шұңғыл келі. Бұл келінің түбінің жайпақ тегіс немесе шұңғыл болып келуіне байланысты. Шұңғыл келі тарыны қаралау, ақтауға пайдаланылса, тақта келі тарыны жармалап, ұнтақтауға қолданылады. Тақта келінің түбі тегістеу келеді де, келсап

дәл тиіп, дәнді майдалауға, ұнтақтауға қолайлы болады. Ағаш келіні қайың, қарағай сияқты қатты ағаштан ойып жасайды. Мұның темірден жасалған түрін темір келі деп атайды. Келінің түйгіш ағашы (немесе темірі) болады оны келсап дейді. Келсаптың келіні түйгіштейтін басы салмақты етіп жасалады, қолға ұстайтын жерінен қолайлы қос тұтқа шығарылады.

Ал бүгінгі оқу қызметіміде біз осы келіні ермексаздан жасап көрейік. Жұмысты бастамас бұрын сергін алайық.

**Сергіту сәті**: Гүл өсірсең, терлеп,
Мұның аты – Еңбек,
Кесте тіксең зерлеп,
Мұның аты - Еңбек.
Сабағыңды жөндеп,
Әзірленсең - Еңбек.
Қиындықтың бәрін,
Еңбек қана жеңбек.

Қажетті құралдар: ермексаз, кескіш, тақтайша немесе қалың катырма қағаз, су құйылған ыдыс және қол сүрткіш.

Қауіпсіздік ережесін сақта:

- Ермексазды ауызға салмау;
- Жұмыс орнын таза ұстау;
- Жұмыс аяқталған соң қолды жуу;
- Орамал қолдану.

Жұмырлау,жалпақтау тәсілдерін пайдаланып келіні жасау

*Жұмыс барысы:* Мүсіндеу әдісін көрсету, түсіндіру

*Жеке көмек қажет ететін балаларға тәрбиеші көмек беру*

Дидактикалық ойын: «Ойлан тап»

Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, байқампаздыққа, ептілікке тәрбиелеу.

**Қорытынды бөлім**:

-Балалар біз бүгін не үйрендік?

Не білдік?
Мадақтау :
Жасалған жұмыстардан көрме ұйымдастыру. Балалар бүгін өте жақсы еңбектендіңдер. Сендерге мына тұмарша бақыт пен сәттілік әкелсін! Сендерді жамандықтан, тіл көзден сақтасын!

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №12**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** Жобалық іс әрекет: «Қол диірмен»
**Мақсаты:**Қазақ халқының тарихи мұрасының бірі- қол диірмені туралы түсінікті қалыптастыру, балаларды ұлттық дәстүрмен таныстырып, оны құрметтей білуге, үлгі тұтуға үйрету.
**Заттық дамыту ортасы:** Қол диірмені, қуырылған бидай, қағаз орамалдар, сүт, кесе, қасық, талқан, мейіз, қант және т.б. «Қазақы дастарқаным» өлеңінің фонограммасы.
**Оқу қызметі барысы:**
**Кіріспе:**
*Шаттық шеңбері:*
Қайырлы таң! Ашық күн!
Көңілді біз тұрамыз.
Күлім қағып қолымды,
1,2,3, деп соғайын
Қызығушылық ояту. Қасиетті саналатын ұлттық бұйымдарымыздың жасалу технологиясын түсіндіру.

**Негізгі бөлім:** Халық дәстүрін сақтай отыра ертеден келе жатқан қол диірменімен танысамыз. Тастан ең жиі жасалатыны – қол диірмені. Қол диірмен тастардың диаметрі 30-40-50 см шамасында болады, астыңғы және үстіңгі тастардың қалыңдығы 5-6 см-ден аспайды. Астыңғы төсек асты-үсті бірдей тегістеледі, бет жағының

дәл ортасынан тесік қашалады. Ол тесікке әуелі ағаш орнатылады, ал ағашқа ұшкірленген темір кіндік қағылады. Үстіңгі тастың ортасынан диаметрі 4-5 см-дей дөңгелек тесік жасалады. Оның негізгі қызметі, біріншіден айналдырған уақытта үстіңгі тастың ауытқып кетпеуін қамтамасыз етсе, екіншіден,сол тесіктен тартылатын дән салынып тұрады. Үстіңгі тастың жоғарғы жақ шетінен тереңдігі 2-3 сантиметрдей қашалып, содан кейін қозғалысқа келтіріп, дән тартады. Тас шеберлерінің өздері жасайтын құрал-саймандар қатарына ара, балта, сүймен, шот, балға, тоқпақ, қашау, қырғыш, сүргіш, шапқы, пышақ, кез, оймыш төгетін үлгі жатады. Қазақтар кепкен ағаш ұнтағын шақпақ таспен тұтатқан.

Бұрын дәмді, күлше нан пісіру үшін біздің әжелеріміз қол диірменін қолданған.

Бәріміз айтайықшы –қол диірмені (балалар қайталайды). Диірменмен бидай ұсатып, ұн жасаған. Диірменнің ұнды қалай ұнтақтайтынын мен қазір сендерге көрсетемін. Мынау бидай, айтайық - бидай.

**Диірменмен тәжірибелік жұмыс:** Ахмет, маған көмектеседі, қазір бәрінде бір-бірден тартып көрсетесіндер. Міне балалар, бізде бидайдың талқаны дайын болып шықты.

Біз де қазір Ұмай әженің көмегімен өз еңбегіміздің жемісін жасап көрейік

(Талқан жасайды, дәмін көреді).

- Талқан қандай дәмді!
- Иісі қандай!
- Өте тәтті!
- Маған өте ұнады.
- Мен үйрендім, енді үйде жасаймын

Бәріміз қайталап айтайық - **талқан.**

**Сұрақ-жауап:**

Қалай ойлайсыңдар, талқан жасау оңай ма?

Жоқ, диірменді айналдыру өте қиын.

Диірмен өте ауыр.

Диірменді айналдыру үшін көп күш керек.

Дұрыс айтасыңдар, балалар, өте ауыр.

Жұмыстың қиындығынан қашпай сол жұмысты бар ынтамызбен, көңілімізбен орындасақ, ісіміз жеңіл, нәтижелі болады.

«Ынта болса адамда, қиын іс жоқ жалғанда» деген сөздер осыдан шықса керек. (балалар 1 - 2 рет қайталайды хормен 1-2 бала).

Мақал мәтелдер:

Еңбек ер атандырар.
Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей
Еңбек – рақаттың атасы.
Икеміне қарай еңбек ету
Тамаша, көп мақал білесіңдер!

**Қорытынды бөлім:**

Бүгін біз сендермен тарихи мұралардың бірі қол диірменімен таныстық. Балалар «Қазақы дастарханым» өлеңін айтып қоштасайық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №13**

**Білім беру саласы: Вариативті**

**Бөлімі: Асыл мұра**

**Тақырыбы:** Теріден жасалатын заттар (қамшы, торсық, киімдер)

**Мақсаты:** Балаларға терінің не екенін білуге, және одан жасалатын заттар: торсық, мес, саба заттарының жасалу жолдарын білуге үйрету. Қазақтың тұрмыстық қолөнерін қадірлеуге тәрбиелеу. Тіл байлығын арттыру. Ойлау қабілетін дамыту.

**Заттық дамыту ортасы:** Торсық, мес, саба, үлгі суреттер, үнтаспа. «Қазақ дәстүрлері» әуені. Буклеттер, тері бұйымдары туралы слайдтар, қоржын, асық.

**Оқу қызметі барысы:**

Шаттық шеңбер!
Қайырлы таң ,
Жер-Ана!
Қайырлы күн,
Күншуақ!
Қуанатын күн бүгін!
Қуан, шаттан, алақай деп,
Бір-бірімізге көңіл-күй сыйлайық.

Балалар қайталайды. Түрлерінен эмоция, қас-қабағын көрсете алады.

**Ұйымдастыру кезеңі:**

Есік қағылады:
Қонаққа, Дымбілмес келеді
Балалармен амандасады.
-Сәлеметсіздер ме?! Балалар!
Мен сендерге бір өтініш бұйымтаймен келдім. Балалар көңіл- күймен қарсы алады.
Тәрбиеші:
-Ол қандай ?
-Көмек бересіздер ме?
Балалар:
- Иә.
-Әрине тырысып көрейік.
Дымбілмес:
-Мен жолда қой бағып келе жатып, торсығымды жоғалтып алдым. Енді мен Анама не айтамын? Сендер маған торсық жасап берсеңдер, мен қуана-қуана ала кететін едім.
Балалар өтінішін орындауға келіседі. Мұқият тыңдайды.

Тәрбиеші: -Қанекей, Дымбілмес, онда сен бізде қонақ бол! Балалар көмектеседі. Ұжымдық жұмыс жасап. Енді мен тері жайлы қысқаша мәлімет айтайын.

**Негізгі бөлім:**

*Тері туралы әңгіме.*

Тері дегеніміз - малдың терісін атаймыз. Теріні илеу үшін, оған тұз сеуіп қояды. Кейін оны ыстайды.Түтінге ысталаған теріден, неше түрлі ыдыс,бұйымдар жасайды. Балалар Дымбілмеспен бірге тыңдайды

Торсық- бұл біздің қазақ халқының тұрмыстық заты. Оны теріден түйенің шуда жібінен тігетін. Олардың түр-түрі бар: шимайторсық, мүйізторсық, өркешторсық, жантторсық. Торсықта –сүт тағамдары: қымыз, шұбат, іркіт, сусындары сақталады. Өркеш торсыққа шұбат, айран құйылады. Түйенің өркеш терісінен, өркешторсық жасалады.

Мес – бұл да теріден жасалады. Сусын, қымыз құйылады. Түйенің шуда жібінен тігіледі.Терін і ыстап, оңі ішіне қайтарылып, тігіледі. Бұзау терісінен жасалынады.

Саба - ертеде мал терісінен тігіліп, теріні илеп, өңдеп, жасаған. Бұл ыдысқа да, қымыз, шұбат, іріткі, сақтаған.

Сабаны қалыпқа келтіру үшін, ішін шірін кетпеу үшін құм толтырған. Кейін оны төгіп ішін таза сумен тазартып, күнге кептірген

Саба - пирамида пішінде аузы жіңішке түп жағы төртбұрышты етіп жасалынған.

Ал, енді, Дымбілмес, біздің балаларымызбен бірге білмегеніңді сұрап отыр.

Енді 2 командаға бөлінейік! 1-Тұлпарлар, 2-Сұңқарлар.

Сұрақтарға жауап беріп, берілген тапсырмаларды орындайық!

*Үнтаспа.* Жігерлендіреді. Балалар 2 командаға бөлінеді.

Ән: «Қазағымның дәстүрлері»

Тәрбиеші: Қай команда ұпай жинаса мен асық салып отырам қоржынға.

*1-тапсырма.*

1.Теріден қандай заттар жасалынады?

2. Сұрақ.

Теріні қайдан алады?

3.Қандай төрт-түлікті білесіңдер? Аттарын ата!

Балалар жауаптары тыңдалады.

*2-тапсырма.*

Төрт-түлік туралы .

Мақал –мәтелдер?

Балалар:

1. Мал өсірсең, қой өсір! Өнімі оның көл- көсір.

2.Ақсақ қой түстен кейін маңырайды.

3.Мал- баланың шашуы.

4.Байтал шауып, бәйге алмас.

2. Еңбек туралы мақал –мәтелдер.

Балалар:

1.Еңбек – түбі береке.

2.Еңбексіз өмір-сөнген көмір.

3.Еңбектің көзін тапқан, байлықтың өзін табады.

4.Ердің атын еңбек шығарады.

5.Еңбек шыратады, өмір үйретеді.

3.Енді сергігу жаттығуларын орындайық!

Төрт- түлікке байланысты.

Қошақаны –қойдың,

Қайда қалып қойдың,

Бұлтиып тұр бүйірің ,

Қай өрісте тойдың!

Балалар іс-қимылмен көрсетеді.

Ботақаны нардың,
Жарға неге бардың?
Тиерсегің дірілдеп,
Секіре алмай қалдың!

Секең- секең сері лақ!
Секеңдемей бей уақ.
Тыным тапсаң болмай ма?
Секірмей-ақ кей уақ!

3-тапсырма.
1.Төрт-түлікке байланысты тақпақтар .
Балалар жауабы тыңдалады.
4-тапсырма.
Енді ұжымдық жұмыс .
«Торсықты сәндейік» Сәндемес бұрын біз
Д\о «Кім қайда өмір сүреді?»
Ұжымдық жұмыс. Балалар белсене қатысады. Неше түрлі қағаздан өрнек қырқып, жапсырады.

**Қорытынды бөлім:**

Тәрбиеші:Балалардың жұмысына Дымбілмес риза болады. Балалар жауабына ұпайлар «асықтар» салынады. Бүгін біз теріден жасалатын заттарды білдік. Дымбілмес балаларға риза болады. Әшекейлермен торсықты алады. Риза болып қоштасады. 2 командаға сыйлық және мақтау қағазы беріледі. Мадақтайды.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №14**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:Жобалық іс-әрекет: «Қамшы»**

**Мақсаты:** Балалардың ұлттық өнердің сән және қолөнер түріне деген сүйіспеншіліктерін, көркемдік эстетикалық талғамын дамыту, халықтың тұрмыс – салт дәстүріне қызығушылықтарын ояту, Қажетті материалды пайдаланып, қамшы өруді, жіптердің түстерін үйлестіре өру әдіс-тәсілін меңгерту.

**Заттық дамыту ортасы**: слайдтар, суреттер, видеоролик, бұрын жасалған дайын бұйымдар, 3 түсті жіп, жұмыр таяқша, әліппе-дәптер

**Оқу қызметі барысы:**

**Кіріспе:** *Шаттық шеңбері:*

Амансыз ба, алтын күн!
Амансыз ба, ашық аспан!
Амансыз ба, Жер ана!
Сәлеметсіздер ме, қонақтар?
Оқу қызметімізді бастайық,
Жалқаулықты тастайық.

Теріден жасалған бұйымдарды бейнероликтен көрсету.

-Теріден жасалатын қандай ыдыстарды білесің?

-Теріден тігілген киімдерді ата?

**Негізгі бөлім:** Тәрбиеші балаларға қамшыны көрсете отырып, "Менің қолымдағы не деп ойлайсыңдар?" деген сұрақ қояды (Қамшы). Екі қамшыны көрсетіп (негізгі қамшының өзі және ойыншық қамшы) салыстырып, ерекшелігі, не үшін пайдаланатыны жайында әңгімелеп беру..

Қазақ халқының мәдени-тұрмысында, салт-дәстүрінде, рухани зердесінде қамшының алатын орны ерекше. Қамшы өнер туындысы, сый-сыяпаттың төресі, ержігіттің серігі, айбыны, шаңырақтың киесі, тіпті кейде батырдың қаруы да

болған. Оны жай ғана ат айдайтын құрал дей салуға болмайды.Бұл- қолөнер туындысы, атадан балаға мирас болып қалатын асыл мұра. Қамшының басы қандай түсті жіптерден өрілген екендігіне назар аудару (3 түрлі түс — қызыл, сары, жасыл). "Қамшыны жасауды неден бастаған дұрыс деп ойлайсыңдар?" деген сұраққа жауап ала отырып (бұрым өру), бүгінгі оқу қызметінде қамшы өріп үйренетіндіктерін хабарлайды

Тәсіл: -Қамшы жасау үшін әуелі 3 түрлі түсті жіпті бір-біріне біріктіре түйіншектеп байлап алып, жіптердің ұзындығын сәйкестендіре, өлшей қиып тастау керек.

- шаш өргеніндей бұрым жасай өреміз.
- жіпті өріп, шетін түйіндеп байлаймыз.
- өрген жіптерімізді дайындалған сапқа байлаймыз немесе бекітеміз. Міне, осылай қамшы дайын болады.

Өз бетінше жұмыс

Жұмыс барысында қиналған балаларға тәрбиеші көмектесіп, балаларды бір-біріне жәрдемдесуге шақырады

Сергіту сәті:"Жігіттер" ұлттық биі

**Қорытынды бөлім:** Дайын жұмыстарды қарап, ұқыпты да әсемі жасалған еңбектерді атап өтуі керек.

-Қамшы ата-бабамыздың бізге қалдырған несі?

-Өрім саны қанша болады?

-Бүгін біз неше өрімді меңгердік?-деген сұрақтар қойылып, қорытындыланады.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №15**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі:: Асыл мұра**
**Тақырыбы: Жобалық іс әрекет «Торсық»**
**Мақсаты:** Балаларды қазақ халқының шеберлігімен таныстыру. Сәндік қолданбалы өнер туындылары

ұрпақтан-ұрпаққа берілетіні, қалыптасқан ұлттық салт-дәстүр туралы түсінік қалыптастыру, эстетикалық тәрбие беру, торсықты мүсіндеп, қазақ оюларымен әшекейлеп үйрету.

**Заттық дамыту ортасы:** Торсық түрлері, тері бұйымдары туралы слайдтар, үнтаспа.

**Оқу қызметі барысы:**

**Кіріспе:**

**Шаттық шеңбері.**

Қуан, шаттан, алақай,
Қуанатын күн келді.
Қайырлы таң! Қайырлы күн!
Күліп шықты күн бүгін!
Бір-бірімізге көңіл-күй сыйлайық.

-Балаларға шеберлер қаласына баруды ұсыну

Теріден жасалған бұйымдар туралы слайд көрсетіп таныстыру. Тері туралы әңгіме.

Тері дегеніміз - малдың терісін атаймыз. Теріні илеу үшін, оған тұз сеуіп қояды. Кейін оны ыстайды. Түтінге ысталаған теріден, неше түрлі ыдыс, бұйымдар жасайды

**Негізгі бөлім:**

Қымыз құятын ыдысты көрсетіп, оның пішініне, көлеміне ою-өрнектермен әшекейлеуін көрсетіп түсіндіру.

Қазақ халқының ұлттық ыдыс – аяқтарымен соның ішінде «Торсық» ыдысымен таныстыру.

Торсық – сусын құятын ыдыс.

Сусын дегеніміз - сүт, айран, қымыз, шұбат.

Бұрын торсықты ешкінің терісінен жасаған екен. Торсыққа құйылған сусындар жаздың ыстығында да салқын болып тұрады екен.

**Сергіту сәті:**

Ал, балалар, тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық.
Алақанды соғайық,
Оң жақтағы балаға,
Шапалақты соғайық.
Сол жақтағы балаға,
Шапалақты соғайық.
Жоғары –төмен қарайық
Орымызды табайық.

Торсықты ермексаздан сәндеп, пішінін келтіріп, мүсіндеп, қазақ оюларымен әшекейлеуге үйрету. Торсықтарды жасау әдістерін көрсету.

Балалар өздері жұмыс жасайды

Д/О: «Ғажайып дорба»

Мақсаты: Сипап сезу арқылы, балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Ойынның шарты: Дорбаға әртүрлі материалдан жасалған заттарды салады, көзін жұмып дорбадан бір затты алып, не екенін сипаттап береді.

**Қорытынды бөлім**

Балалар, біз бүгін не жасадық?

-Торсық

-Торсыққа қандай тағамдарды салуға болады?

-Тек қана сұйық тағамдарды

Балаларды мақтап, мадақтау.

Көрме жасау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №16**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** «Жүннен жасалатын бұйымдар»

**Мақсаты:** Жүннен жасалатын бұйымдар заттары (киіз, текемет, аркан, бау) толық түсінік беру. Қазақтың ұлттық үй жабдықтарының жасалу жолдарын үйрете отырып, өнерге деген шеберлік, ынта қабілетін бойына сіңіріп, қабілетін дамыту. Тіл байлықтарын арттыру. Басқа бұйымдардан жүннен жасалатын бұйымды ажырата білуге үйрету.

**Заттық дамыту ортасы:**
Суреттер, киіз үй жабдықтары, жүн бұйымдары, үнтаспа, ұршық, слайдтар, ою-өрнектер трафареті.

**Оқу қызметі барысы:**

**Кіріспе:**

*Шаттық шеңбері:* Алдымыздан кезіккен
Көп танысты көреміз,
Бәріне де іздеп
Сәлеметсіңдер ме, қонақтар,-деп.
Сәлеметсіз бе,әпкейлер,-деп.
Ұл- қыз сәлем береміз!
Өнегелі өренбіз!

Тәрбиеші:-Сәлеметсіңдер ме?! Балалар , бүгін біз киіз үйге саяхаттайық! Онда біз жүн және бұйымдар, жабдықтарымен танысамыз. Ендеше, барлығымыз Көңілді паравозға отырайық. (Балалар саяхаттауға дайындалады)

Ән: «Балдырғандар»

Балалар бірге орындайды.

Әже киіз үй жанына келеді. Сол жерде әже отырады . Әже балалармен амандасып, болған соң, балалармен бірге киіз үйге кіреді.

Әже әңгімесі: «Жүн».

Қолөнер- халық өмірімен, тұрмысымен бірге келе жатқан өнер. Халықтың тұрмыс- тіршілігін, табиғатпен эстетикалық талғамдарымен байланыста болған.

Қазақ қолөнеріне пайдаланған негізгі шикі заттың бірі- жүн (балалар әженің әңгімесін мұқият тыңдайды).

**Негізгі бөлім:**

Төрт- түлік малдың жүні- қазақ халқының өмір тіршілігінде үлкен роль атқарған. Жүннен- аркан, жіп, киім-кешек, қазақ үйдің киізін, әр түрлі төсеніштер, қол шыққап, басқұр, ең қажетті мүліктер жасалған.

Қазақ халқының шаруашылығы- мал. Жүннің ең көп қолданатыны- түйе, қой жүндері, ешкі түбіті. Барлық жүннен жасалынатын заттар бұйымдарды көрсетеді. Жүннен трикотаж, жоғары сапалы заттар тоқылады. Ұяң жүн құрамында майда қылшықтар болады. Ұяң жүннен кілем тоқылады. Қылшық жүн құрамында қылшық, әсіресе өлі қылшық көп болады. Киіз , аяқ киім жасауға пайдаланады. Сапасы мал тұқымына байланысты. Ешкі жүні қылшықты, түбіті аралас болады.

- Ал, әже, енді сіздің жүн туралы сұхбатыңызға көп рахмет. Балалар толық білді. Енді біздің балаларымыздың сізге арнаған «Киіз басу» биін қабыл алыңыз.

**Би: «Киіз басу»**

Енді, біздің балаларымыздың үй жабдықтарына байланысты тақпақтары бар.

**Тақпақтар.**

***Әже балаларды өзінің зертханасына шақырады.***

Зертханада балалар жайғасып, жүннен жасалатын заттар көреді.

- Ал, біз осы бұйымдардың ішінде киіздің жасалу жолдарына тоқталайық.

- Киізді бүкіл үйдің жабдығы және төсеніш ретінде пайдаланған. Киізді жасау үшін ең алдымен кірінен, шайырынан тазартып, қырыққан.

- Жүнді түтеді, болмаса сабайды, сабап болған соң, жүнді бір бөздің үстіне қойып, кейін салып қайнатады. Бояу қосады. Боялып шыққан жүнді күнге жаяды. Жүн кепкен соң, жүнді түтіп болған жүннен оюлар, ақ жүннің ортасына сәнделіп, қойылады. Содан кейін үстіне қайнақ су құйылып, бөзбен бірге орап басады. Киізді білекпен басады. Киіз мықты болу үшін қарпиды. Міне осылай, балаларым,- деп. Әже сөзін аяқтайды. Балалар әжемен қоштасады.

- Сізден көп бұйымдардың жүннен жасалатынын білдік.

Енді біз тобымызға қайтайық.

Қонаққа «Алдаркөсе» келеді.

Тапсырма әкеледі.

-Балалар, тапсырманы орындауға дайынсыңдар ма?

Балалар жауап береді.

*Сергіту сәті*

Маған арнап жекелеп,
Әжем басты текемет.
Бір топ адам аяқпен,
Теуіп бердік төпелеп.
Басу қызық текемет,
Үсті –үстіне төпелеп,
Алда біреу жіппенен
Саумалайды жетелеп,
Әрі біраз аунаттық
Қайнақ суды саулаттық.

Жарайсыңдар балалар, мына сұрақтарға жауап беріңдерші.

1.Киіз үй жабдықтарын ата?

2.Төсеніштерінің атын айт?

3.Киім-кешектердің жүннен жасалатын аттарын атап беріңдер?

Жүннің қасиетін, сапасын одан жасалатын бұйымдарды атаңдар.

Қойдың күзем жүнінен киіз басылады.

*-Өңдеу*

*-Сабау*

*-Шиге салу*

*-Тебу*

*-Дайын киіз*

*-Бояу.*

Қазіргі уақытта жаңа технология бойынша жүннен алуан түрлі заттар жасалады. Балалар мұқият тыңдайды.

**Қорытынды бөлім:**

-Бүгін қандай оқу-қызметін өттік?

-Жүннен жасалатын бұйымдарды білесіңдер ме?

-Қандай киіз үй жабдықтарын білесіңдер?

Оқу қызметіне жақсы қатысқаны үшін балаларға құрт тарату.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №17**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы: Жобалық іс-әрекеті: «Жүн түту, сабау»**
**Мақсаты:** -Халқымыз осы жүнді түту, сабау, иірудің өзінде адамға пайдалы жақтарын үйрету. Балаларды ептілікке, тазалыққа, ұқыптылыққа баулу.
Ұлттық өнер арқылы рухани-адамгершілік, патриоттық тәрбие беру.
**Заттық дамыту ортасы:** Интербелсенді тақта, жүн түрлері, боялған жүн, тулақ, сабау

**Оқу қызметі барысы:**

**Кіріспе:**

*Шаттық шеңбері:*
Алдымыздан кезіккен
Көп таныстı көреміз
Бәріне де ıзетпен
Сәлеметсіңдер ме, қонақтар,-деп.
Сәлеметсіз бе, әпкейлер,-деп.
Ұл- қыз сәлем береміз!
Өнегелі өренбіз!
Жүннің қайдан алынатыны жөнінде слайд көрсету.
Әженің ауылына қонаққа барамыз.

**Негізгі бөлім:** Жүннен жасалған бұйымдар мықты, шыдамды, тұрмысқа қолайлы, денсаулыққа пайдалы, алып жүруге ебедейлі және жеңіл. Бұл өнімдер тұрмыс тәжірибесі барысында сараланып, дамып отырды. Жүннен киіз басылып, үй жабылады. Текемет, сырмақ сияқты төсеніштер мен қабырғалық дорбалар, мүліктердің кабы барлығы дерлік киізден жасалды. Ал мал шаруашылығымен шұғылданған халқымыз жүнді төрт түлік малынан, яғни қой, ешкі, жылқы, түйе күземі арқылы жинап алып отырған.

Әженің ауылына қонаққа барамыз. Әжеге барып жүнді түту,сабау туралы сұрайық.

Ән «Қошакан» әнді айтып жүріп әжеге жетеді.

Мына жүнді қойдың үстінен қырқып алады, жуады, түтіп, сабап, оны иіріп, жіп жасап қолғап, шұлық, текемет т.б заттар жасайды.

Ал енді әжемен бірге жұмыс жасайық.
-Жүнді ұстап көру,
- Қандай екен? –Жұмсақ,жылы.
-Жүнді созып түтіп көру
Өз беттерінше жұмыс
Демалу жаттығуы «Үрлеу»
Сергіту сәті: «Жүн сабау»
Тақпақтар:

Халқымнан қалған бұл өнер,
Киіз басу өнері.
Ұнайсын жас ұрпақтың
Көргені мен білгені.

Ата-баба мұрасын,
Жеткізейік ұрпаққа.
Салт-дәстүрмен сусындап,
Жол ашылсын болашаққа.

Үшің саусақ бұлшық еті
Жетіледі өнерден.
Пайдасы көп өнердің
Өнерден сендер жиренбең.

Жүннен бұйым жасайық
Ойлын ұшқыр қиялды.
Тәтті киіз басайық
Түрлі түсті сиялы.
Отаншылдық, ұлтжандық
Сезімдерін оятып.
Тәрбиелейік ұрпақты
Үлкен үміт біз күтіп.

**Қорытынды бөлім:**

-Бүгін біз қайда бардық?
-Немен таныстық?
Қорытындылап, балаларды мадақтау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №18**

**Білім беру саласы: Вариативті**

**Бөлімі: Асыл мұра**

**Тақырыбы: Жобалық іс-әрекеті: «Текемет жасау»**

**Мақсаты**: Ұлттық салт-дәстүрге құрмет пен қарауға тәрбиелеу; текеметті ұлттық өрнектермен безендіру тәсілін үйрету; мәнерлілік элементтеріне тәрбиелеу; саусақ қимылдарын дамыту.

**Заттық дамыту ортасы:** текемет, қойдың жүні, синтепон, желім, бір қолданатын табақ, ермексаз, гуашь бояуы.

**Оқу қызметі барысы:**

**Кіріспе:**

Шаттық шеңбері:

Біз ұқыпты баламыз,
Айтқан тілді аламыз.
Ойыншықтарды жинаймыз,
Үлкендерді сілаймыз.
Үйге қонақ келгенде,
«Сәлеметсіз бе»-деп айтамыз.

Балалар шеңберге тұрып сөздерді тәрбиешімен бірге қайталайды.

-Балалар, тақтадан ненің бейнесін тамашалап тұрсыңдар?

-Дұрыс айтасыңдар. Бұл жайлау бейнесі.

-Жайлауды кімдерді, нелерді көріп тұрсыңдар?

-Олар не істеп жатыр? Балалардың жауаптарын тыңдау.

- Дұрыс айтасыңдар. Жайлауда киіз үй тігіліп тұр. Балалар жүгіріп ойнап жүр. Әжелеріміз тамак жасап жатыр, аталарымыз текеметтің үстінде ән айтып отыр

**Негізгі болім:** - Бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы осы текемет туралы болады. Текеметтің суреті көрсетіледі, мағлұмат беріледі.

Текемет – сәндік-қолданбалы өнер туындысы, бетіне түрлі түсті ою-өрнек басылған киіз үй жиһазы.

Ол қазақтың дәстүрлі баспанасы – киіз үй ішіне жылылықпен қатар әсемдік те әкеліп, әрі киіз үйдегі адамдарды астынан өтетін сыздан қорғап, аурудың алдын алу ролін де атқарады. Текемет күзем жүннен жасалады. Оның көлемі әр түрлі. Алдымен қойды қырқады, жартады, сабап, шыбықтайды, жуады, бояйды, кептіреді. Текеметтің бейнесін құрудың өзіндік ерекшеліктері бар.

**Сергіту жаттығуы.**

Киіз үйдің төрінде
Текемет тұр жайылып.
Қос аққудың бейнесі
Жарасып тұр сән құрып
Әже қонаққа келеді.

Текеметті қалай жасайтынын түсіндіреді.

Балаларды екі топқа бөліп екі түрлі тапсырма беру.

**1 –топ.** Текеметті синтепоннан бастыру.

**2 – топ**– текеметті бір рет пайдаланатын табақтың ішіне ермексаздан ою – өрнектер жапсыру арқылы жасау.

**Жеке көмек көрсету**

Әжеміз балалардың жұмыстарын ұнатып, оларға құрт салынған қоржын береді.

Әжеймен қоштасады.

**Қорытынды бөлім:**

-Біз бүгін не жасап үйрендік?

-Әжеміздің тапсырмасы ұнады ма?

-Жарайсыңдар, балалар! Маған да сендердің оқу қызметке белсене қатысып, жұмыстарды жасағандарың ұнады. Рақмет!

Қонақтарымызбен қоштасайық.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №19**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі:** «Асыл мұра»
**Тақырыбы:** «Зергерлік бұйымдар»
**Мақсаты:** Ұлттық зергерлік бұйымдар (жүзік, сырға, білезік, алқа, шашбау ) жайында түсінік беру; Қазақ халқының қолөнері туралы ұғымдарын кеңейту; Әшекей бұйымдарға деген қызығушылықтарын арттыру.
**Заттық дамыту ортасы:** Әшекей бұйымдар салынған қобдиша. Слайд (әшекей бұйымдар, үлгі суреттер, ұлттық әшекей бұйымдар (сырға, қапсырма, білезік, сақина)
**Оқу қызметі барысы:**
**Кіріспе:**
*Шаттық шеңбері:*
Амандасады
Шеңбер болып тұрайық.
Алақанды ашайық,
Күннің нұрын алайық,
Қонақтарға шашайық.
Балалар қимыл, іс-әрекетпен шаттық шеңберін орындайды.
Тәрбиеші:- Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекеті ерекше өтейін деп тұр, себебі әжемездің сиқырлы қобдишасы бүгін бізде қонақта.
Ендеше, ашайық, ішінде не бар екен?
*Музыка әуені* ойналған қобдишаны ашқанда ішінен қазақтың ою-өрнегімен әшекейленген бұйымдарды (сырға, білезік, жүзік, алқа, шашбау, қыстырма) алып, балаларға таныстыру, әрбіреуінің атын айту.
-Балалар мынау не?
-Сырғаны кімдер тағады?
Сиқырлы қобдиша әуенмен ашылғанда балалар қуанышпен қарсы алады.
Балалар, жауабы:

-Сырға

-Сырғаны қыздар мен апалар тағады.

-Білезік

Ал мынау не деп ойлайсыңдар?

-Дұрыс айтасыңдар, бұл білезік. Балалар, білезікті сыңар қолға да, қос қолға да тағуға болады. Білезік түрлері өте көп. Олар: сом білезік, жұмыр білезік, сағат білезік, қақпақ білезіктер болады.

Мынау әшекей бұйым қалай аталады?

Сақинаны қайда тағамыз?

Сақинаны жүзік деп атауға да болады.

Балалар жауабы:

Сақина

- Саусағымызға тағамыз.

- Қапсырма немесе ілгектер.

Тәрбиеші: Мынау қалай аталады?

Киімнің екі өңірін бір-біріне қосып тұру үшін тағатын әшекейдің бірі-қапсырма. Міне, көрдіңдерме, олар екі бөліктен тұрады. Олар төртбұрыш, сопақша сияқты әр түрлі пішінде болады.

Осы әшекей бұйымдарды не үшін тағамыз?

Балалар: - Сәндік үшін.

- Олар қандай өрнектермен безендірілген?

- Ұлттық ою-өрнектермен.

- Осылардың барлығын бір сөзбен қалай атаймыз?

- Әшекей бұйымдар. Балалар әжелерінің сақинасы, білезік сырғалары бар екенін айтып отырады.

- Бұл қазақтың әшекей бұйымдары неден жасайды,білесіңдер ме? Оларды күміс металдан жасалған. Әшекейлерді жасау өнері *зергерлік өнер* деп аталады. Ал оларды дайындайтын шеберді *зергер* деп атайды.

Қазақша бұйымды әшекейлеу үшін *асыл тастар* да қолданылады.

- Балалар зергер әшекей бұйымдарды қалай жасайтынын білдіңдер.

Енді біз де зергер болып көрейік. Ол үшін бәріміз мына үстел басына келеміз. Біз балалар қазіргі заманға сай етіп алқа мен білезікті ермексаздан жасаймыз.

**Негізгі бөлім:**

Зергерлік бұйым туралы мақал кім айтып береді?

Балалар қимылдар жасайды, тапсырманы орындайды.

*Сергіту сәті*

Сыңғыр-сыңғыр сырғалар, Құлағымда ырғалар.
Оң қолымда - білезік,
Сол қолымда - білезік, Саусақтарда сақина,
Санап қане көрсетші
*1, 2, 3, 4, 5.*

**Жұмбақ** : 1.Қолға көрік береді
Жалт-жұлт етеді.
Бұл не? -Сақина

2.Білеу-білеу білегім
Білегіме киемін
Ал, кәнекей, балалар,
Шешуін кім таба алар?
-Білезік

3.Сыңғыр-сыңғыр етеді
Құлаққа ilce, әдемі боп кетеді
Бұл не? -Сырға

**Қорытынды бөлім:**

Тәрбиеші:Балалар бүгінгі оқу іс-әрекеті сендерге ұнады ма?

- Бүгін қандай бұйымдармен таныстық?
- Олар неден жасалады?

Енді біз: Жәнел әшекей бұйымдар туралы тақпағын айтып берейік.

Балалар жауабы:

- Әшекей бұйымдармен
- Металдан

Балқытып ол күмісті
Сапырады судайын.
Білезік пен алқаны,
Сақинаны, сырғаны
Күміс сымнан тартады.

Білімдерін қорытындылау, бағалау.

***Тосын сый***.балаларға казіргі заманға сай әшекей бұйымдар сыйлау.

**Үйымдастырылған оқу қызметі №20**

**Білім беру саласы: Вариативті**

**Бөлімі: Асыл мұра**

**Тақырыбы: Жобалық іс-әрекеті: «Моншақ тізу»**

**Мақсаты:** Қазақ халқының қолөнері туралы ұғымдарын кеңейту. Балаларды қазақ халқының салт-дәстүріне баулу. Моншақты сәндік бұйым ретінде пайдаланатын әшекей екенін түсіндіру. Шаршы, дөңгелек пішіндегі текшелерден моншақ құрастыру жолдарын үйрету.

**Заттық дамыту ортасы:** моншақ суреттері, түрлі моншақтар, слайд,

**Оқу қызметі барысы:**

**Кіріспе:**

Шаттық шеңбері.

Сәлеметсіз бе! Алтын күн.

Сәлеметсіз бе! Жер – Ана.

Сәлеметсіз бе! Құстар.

Сәлеметсіз бе! Достар.

Сәлеметсіз бе! Қонақтар.

Балалар, қарандаршы, мен сендерге әшекей бұйымдардан көрме жасап қойдым. Мұнда сырға, сакина, білезіктер мен моншақтар бар.

Бұл әшекей бұйымдарды аналарымыз бен әпкелеріміз, қыздарымыз әдемілік үшін, сәндік үшін тағады. Мына моншаққа қарандаршы, балалар, түстері әр түрлі пішіндерден жасалынған. Айта қойыңдаршы қандай пішіннен жасалынған? Түстері қандай?

Балалар: Моншақтың пішіндері үшбұрыш, сопақша, төртбұрыш, дөңгелек.

Түстері: Қызыл, Жасыл, Көк, Сары.

Тәрбиеші: Өте жақсы. Мына моншақ сендерге ұнады ма? Ендеше осы моншақты біз де жасай аламыз .

**Негізгі бөлім:** *Ғажайып сәт:* (Әжей мен немересі келеді)

**Әжей:** Сәлеметсіңдер ме балақайлар!

**Тәрбиеші:** Сәлеметсіз бе әжей! Біздің тобымызға қош келдіңіз.

Әжей қай жақтан келесіз?

Әжей: Немеремді алып жайлаудан келемін.

Жолда немерем моншағын үзіп алды. Моншақтарды тізейін десем көзім көрмейді.

Балалар, біз әжейдің немересіне моншағын тізіп береміз бе?

Балалар: Ия.

Олай болса, әжей сіз отырып демалыңыз. Біздің балалар моншақтарды тізіп береді.

Жұмыс жасамас бұрын сергіп алайық.

**Сергіту сәті.**

Моншақтарды алайық,
Мойнымызға тағайық.
Дөңгелене би билеп,
Көңілденіп алайық

**Моншақ тізу тәсілдері:** - Қараңдар, мен бір қолыма бауды аламын, ал екінші қолыма үлкен ақ моншақты аламын, енді бауға ақырын өткіземін. Сосын кішкентай көк моншақты аламын және тағы да бауға өткіземін.

Мен қазір әрқайсыларыңа жеке келін, моншақты бауға қалай дұрыс тізу керектігін үйретемін. Сонымен аяғына дейін барлық моншақты тізіп біткенше жалғастырамыз.

Моншақты тізіп біттік, енді ұшын байлап қоямын.

Әжей: Балапандарым, сендерге көптен көп рахмет! Менің немеремнің моншағын қайта тізіп бердіңдер. Өркендерің өссін! Менің тағы да дорбам бар, ол жай дорба емес, ғажайып дорба, оның ішінде түрлі заттар бар, дорбада не бар екенін тауып көріңдер.

**Д/О: «Ғажайып дорба»**

**Мақсаты**: Сипап сезу арқылы, балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

**Ойынның шарты**: Дорбаға әртүрлі материалдан жасалған заттарды салады, көзін жұмып дорбадан бір затты алып, не екенін сипаттап береді.

Әжей: Ал, балаларым, сендер алғыр, шапшаң екенсіңдер. Немеремнің моншағын да тізіп бердіңдер.

Біз енді ауылымызға оралайық. Қош сау болыңдар!

**Қорытынды бөлім:**- Бүгін біз не жасадық ?

-Моншақтардың түсі қандай?

-Өлшемдері қандай?

-Моншақтар неге тізілді?

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №21**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы: Жобалық іс-әрекеті: «Жүзік, сырға, білезік» (ұжымдық жұмыс)**
**Мақсаты:** Қазақтың салт- дәстүріне баулу. Қазақ халқының қолөнері туралы ұғымдарын кеңейту. Зергерлікке тәрбиелеу. Балаларды ұлттық ою-өрнектерді, алқа, білезік, сақина, жүзік таныстыру, шығармашылық қиялын дамыту.
**Заттық дамыту ортасы:** Зергерлік бұйымдардың суреттері, әшекей бұйымдар, слайд.

**Оқу қызметі барысы:**

**Кіріспе: Шаттық шеңбері**

Біз қандаймыз, қандаймыз?
Шұғылалы таңдаймыз.
Жарқыраған күндейміз,
Ренжісуді білмейміз.

**Таңғажайып сәт:**

**Айсұлу қуыршақтың қонаққа келуі**

Мен зергерлік заттарды өте ұнатамын. Оларды көп тағамын, әсіресе мерекелерде. Сендер аналарыңа, әжелеріңе, апа-қарындастарыңа осындай тамаша әшекейлер сыйлаңдар. Айсұлу да анасына сыйлағысы келеді екен. Бірақ жасауды білмейді екен, көмектесеміз бе?
**Негізгі бөлім**: Балалар әшекейлерді қарап шығады.

- Бұл-қазақтың ұлттық әшекей бұйымдары.

– Олар неден жасалған?

Қазақ зергерлігі негізінен әйелдердің сәндік әшекей заттарын( сырға, білезік, жүзік, сақина, шолпы, шашбау, қапсырма, т.б) Қазақтың қыз-келіншектерін ажарландыра түсу үшін, оларға арнап түрлі әшекейлі бұйымдар жасаған.

Әшекейлерді жасау өнері -зергерлік өнер деп аталады,ал оларды дайындайтын шеберлер зергерлер деп аталады

*«Зергерлік бұйымдар» слайд көрсету.*

Жақсы зергер болу үшін ерекше талантың болуы керек. Өйткені бұл өте нәзік жұмыс.

- Айсұлумен әшекейлерді атаңдар.

- Балалар мынау: сақина –кольцо, білезік- браслет, сырға- серьги, зергерлік-ювелирный деп айтамыз.

- Олар қандай? Несімен ерекшеленеді?
- Олар қандай өрнектермен безендірілген?
- Бұйымды әшекейлеу үшін тағы не қолданылады ?
- Мұндай әшекейлерді қалай жасауға болады?

**Тақпақ:** Білесің бе бұл істі
Зергерлікке кім дайын?
Балқытып ап күмісті
Сапырады судайын.
Осы жұмыс ырғағы,
Білезік пен алқаны,
Сақинаны сырғаны
Күміс сымнан тартады.

Біз ермексазбен жасап үйренейік.
Жұмыс бастамас бұрын бойымызды сергітіп алайық.

**Сергіту** сәті: Сырға- сырға сырғалар,
Құлағымда ырғалар.
Оң қолымда білезік,
Сол қолымда білезік.
Саусақтарды сақина,
Санап көрші, кәнекей?
Бір, екі, үш.
Бір, екі, үш
Демалайық жинап күш.

-Жұмыстың тәсілдерін түсіндіріп, неден жасайтынын айту.

Ермексазбен жұмыс: - Алдымен бұйымның пішінін беріп аламыз, сосын қосымша бөлшектер жапсыру немесе кескіштің көмегімен өрнек салу арқылы әдемілейміз.

-Мүсіндеудің қандай тәсілдерін қолдануға болады?

- Илеу, жұмарлау, жалпақтау т.б

Балалар жұмысқа кіріседі

- Бүгін сендер шебер-зергерлерсіңдер.
- Мынау сендердің шеберханаларың.
- Кез келген бұйымды жасауға кірісіңдер.

Қазақша әуен қойылады.

Көмек қажет еткендерге көмек беру.

**Қорытынды бөлім:**

- Балалар бүгін қандай әшекей бұйымдармен таныстық ?
- Сақина, жүзік, білезік, шашбау, қапсырма, т.б
- Бүгін біз нені мүсіндедік ?
- Сақина, жүзік, білезік,

Сендерге оқу іс-әрекеті ұнады ма?

Жарайсыңдар балалар, бүгін бәрің де жақсы, белсенді қатыстыңдар

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №22**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы: «Өнерлінің қолы алтын»**

**Мақсаты:** Қазақтың сәндік қолданбалы өнері жайлы түсінік беру. Ұлттық бұйымдармен таныстыру арқылы әсемдік-өнерін қастерлеуге үйрету.

Ою-өрнек туралы мақал-мәтелдер, тақпақтар айтқызу арқылы сөздік қорын молайту. Бірлесіп жасай білуге, істеген жұмыстарын түсіне білуге тәрбиелеу.

**Ұлттың даму ортасы:** Оюы бар жиһаздар, зергерлік бұйымдар, қиып жапсыруға құрал жабдықтар.

**Оқу қызмет барысы:**

**Кіріспе:**

Шаттық шеңбері: Балалар жарты шеңбер болып тұрады.

Тәрбиешінің қолында бір ұшы байланған әр түсті баулар, Екінші ұшын әр бала қолына ұстап тұрады.

Тәрбиеші: Балалар, қонақтармен амандасамыз.

Балалар: Сәлеметсіздер ме!

Тәрбиеші: Енді маған қараңдаршы. Мына ғажайып баулар арқылы мен сендерге жүрегімнің жылуын жіберемін. Қабыл алыңдар! Балалар оң қолымызды жүрегімізге қояйықшы. Жүрегіміздің соғысын сезінемізбе? Жүрегіміз қандай? Кәусар-менің жүрегім мейірімді! Эмир-менің жүрегім батыл! Айару-батыл! Альбина-қуанышты! Сырым-қайырымды! Аделья-жұмсақ!

Олай болса жүрегімізден шыққан жылуды қонақтарға сыйлайық. (Қонақтарға қарап алақанды үрлеу). Балаларды күй ырғағымен орнына отырғызу.

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Көктемде күн қандай болады?

-Көктемнің бірінші айына арналған қандай мақал білесіңдер?

«Түске дейін мүйіз, Түстен кейін киіз.

Жақсы балалар.

**Негізгі бөлім**

-Балалар, біз бүгін ата-бабалардың дәстүріне саяхат жасаймыз. Мен ол үшін сендерді халық шеберлері жасаған бұйымдарды тамашалауға шақырамын. Оларды мына тұрған ұлттық бұрыштан көресіңдер.

«Талабы бар адам, еңбекке бас ұрады»-деген мақал бар. Мына отырған сендер де үлкен шебер болуларың мүмкін. Мінекей жақсылап қараңдаршы, қандай әсем бұйымдар? Мына қазақтың көне келе жатқан үй жиһаздары : сандық, көрпешелер, киіз үй, қоржын, ұлттық киімдер, тостаған т.б Бұдан кейін зергердің бұйымдарына қарайық. Шеберлер осындай түрлі бұйымдар жасау үшін ұлттық оюөрнек түрлерін пайдаланған. Мен сендерге көрмеден көрген ұлттық бұйымдардың атаулары туралы жұмбақ жасырамын.

**1.** Бір нәрсе өзі биік, іші қуыс,
Ол заттың сүйегі бар айқыш-ұйқыш.
Көзі бар төбесінде жарқырайды,
Жайса үлкен, жиса бір-ақ уыс.
(киіз үй)

**2.** Ішінде адам батпайды,
Затынды аман сақтайды.
(сандық)

-Балалар осы сандықтың ішінде не бар деп ойлайсыңдар?

Сандықты ашамын, ішінде сиқырлы асық пен жүзіктер бар екен. Асық балаларға, ал жүзікті қыздарға берсем, сендер өнерлі, шебер болып кетеді екенсіңдер-деп таратып беру.

**-Ал, ендеше өнер туралы мақал-мәтелдер айтайық.**

1. Ою ойғанның, ойы ұшқыр.
2.Ою ойған, сызу да сызады.
3.Оюды оя алмаған, ойланбаған.
4.Өнерлі бала, ойлы бала.
5.Шебердің қолы алтын.

Балалар, енді өнер туралы тақпақ айтайық.

1. Аңыз болып жоғалмай сол ғасырға,
Салт-дәстүрі, халқымның жалғасуда.
2. Қошқар мүйіз оюы сәндікпенен,
Көз тартып, ұрпақтарға жалғасуда.
3. Әжем өрнек тереді,
Сырмақ сызып оюлап.
Басы ауыра береді,
Шай ішпесе қоюлап.
4. Қол таңбасы әжемнің анық көріп,
Бұл кестенің сырына қанық болып.
Қошқар мүйіз, өрнегін салып беріп,
Өнерімен өзгелерді тамсандырған.
Енді, балалар, жаңылтпаштар айтайық.
1. Сағат сытырлайды ,
Сырға сыңғырлайды.

Тәрбиеші: -Балалар осы ою-өрнекті ата-бабамыз өздері қоршаған табиғаттан, жан-жануарлардан алған екен. Мысалы: мына «Қошқар мүйіз» оюын қошқардың мүйізіне қарап, «Жұлдыз» оюын жұлдызға қарап, «Құс қанаты» оюын құсқа қарап жасаймыз.

Тақтаға оюлар қыстырып қойып. Балалар қазір мынандай ойын ойнайық.

Д/ойын: Мен сендерге төртбұрыш, үшбұрыштар таратып беремін. Сол бұрыштарды пайдаланып ұжымдық жұмыс жасайық.

1 топ-көрпеше

2 топ-кілемше құрастырыңдар

**Сергіту сәті:** Ал балалар тұрайық.

Ою-өрнек сызайық.
«Қошқар мүйіз», «Ботакөз»
«Құс қанаты», «Гүл өрнек»

Ою-өрнек әлемі
Қолға ұстап қайшыны
Жалғастырып дәстүрді
Жапсырайық оюды.

Балалар мен сендерге мынандай сыйлық кеселер, құмыралар дайындап едім, ою ойып үлгермедім. Енді оны сендер ойып жапсырыңдар.

Қайшымен жұмыс істеу ережесін естеріне түсіру.

1. Қайшының ұшын жоғары ұстауға болмайды, төмен қаратып кию керек!
2. Қайшыны үстел шетіне қоймау керек, аузын жауып қою керек!
3. Жүріп келе жатқанда қайшымен қимау керек!
4. Достарыңа қайшы бергенде жабық күйінде, сақинасын қаратып беру керек!
5. Қайшыны қайшы салғышқа салу керек!

**Қорытынды бөлім:**

-Балалар біз кімнің шеберханасына бардық?
-Халық шеберханасына бардық.
-Қандай оюды қырықтыңдар?
-«Құс қанаты» оюы.
-Нені әшекейледіңдер?
-Құмыра, кесені оюладық.

Балалар жұмысын бақылау, көрме жасау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №23**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** Қазақ халқының ертегілері
**Мақсаты:** Мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылығын қазақ халық ертегілері арқылы ойлау, сөйлесу қабілеттерін жан - жақты жетілдіру; ана тілге, Отанына деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу. Балаларға көркем туындысын түсіндіре отыры, ертегінің көркем мәтінін түсіндіру.
**Тілдік дамыту ортасы:** ертегінің макеттері, слайд, бейнефильмдер
**Оқу қызметі барысы:**

**Кіріспе:**

Шаттық шеңбері
Күнім жарық болсын.
Аспанымыз ашық болсын.
Денеміз сау болсын.
Еліміңде тыныштық болсын!
Балалар іс-әрекетті мұқият орындайды.

**Ұйымдастыру кезеңі:**

Балаларға өткен ертегі кейіпкерлерінің атын атайды немесе суретін көрсетеді.

Тәрбиеші: - Ал, балалар қай ертегінің кейіпкері екенін тауып айтады.

-Қандай ертегілерді білесіңдер? Есімізге түсірейік

-Ертегілер бізге не үйретеді?

Ертегілерде көбінесе өмірде сирек кездесетін немесе мүлде кездеспейтін ойдан шығарылған оқиғалар баяндалады. Ертегідегі негізгі кейінкерлер аң, құс, үй жануарлары болады.Аалайда олар да адам мінездес адамға тән қасиеттер иесі болып суреттеледі. Сол арқылы кей адамдарға тән сұм, қиянатшыл, дөрекі, арамза, қу мінез-құлықтар әшкереленеді, еңбекті, батылдықты, адалдықты

сүйсіне әңгімелейді. Ал қиял-ғажайып ертегілерде ер жүрек, батыр адамдардың басынан кешкен сан алуан ерлік оқиғалар баяндалады. Олар жеті басты жыланмен, жалғыз көзді жалмауызбен, мыстан кемпірмен, небір құбыжықтармен, күрес үстінде жақсы жақтарынан көрінеді. Жақсылық қашан да жамандықты жеңетінін көрсетеді.

**Негізгі бөлім:** Балалар ойын ойнайды

Д/ойын: «Бізді дұрыс ата»

Мақсаты: ертегі кейіпкерлерін дұрыс атауға үйрету.

Сергіту сәті

Ормандағы аюдың
Бүлдіргені көп екен.
Теріп-теріп аламыз
Қалтамызға саламыз.

**Қорытынды бөлім:** Оқу іс-әрекетіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау. Балалардың қызығушылығы артады.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №24**

**Білім беру саласы: Вариативті**

**Бөлімі: Асыл мұра**

**Тақырыбы:** «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» ертегісі.

**Мақсаты:** Ертегінің мазмұнымен балаларды таныстыру, тілдерін жаттықтыру, сөздік қорларын дамыту.

**Заттық дамыту ортасы:** үлгі суреттер, ертегі, макеттер, слайд

**Оқу қызметі ортасы:**

**Кіріспе:**

Шаттық шеңбері

Гүлдеріміз қызғалдақ.
Ашылады әдемі-ақ
Желмен бірге шайқалып

Мұрынға жақын апарып.
Бір иіскейік тамсана,
Әсем иісі тамаша.
Балалар қызығушылығы артып, іс-әрекетпен қайталайды.
Тәрбиеші: Балалар, сендер ертегіні жақсы көресіңдер ме?
Сендер қандай ертегіні білесіңдер?
Ал «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» туралы мына ертегіге назар аударайықшы. Ертегі желісі бойынша слайдтар көрсете отырып, ертегі мазмұнымен таныстыру.
Балалар жауабы тыңдалады.
**Негізгі бөлім:**
Ертегі мазмұнын ашуға байланысты сұрақтар.
1. Айдаһар қандай күйге тап болады?
2. Оның ауруына ем тапқан кім және қандай ем тапты?
3. Айдаһардың ауруына ем болатын қанды кім іздейді?
4. Айдаһар неге қанды іше алмады?
5. Ашуланған айдаһар не істеді?
Балалар сұрақтарға жауап береді.
Тәрбиеші: Дұрыс балалар, содан бері қарлығаштың құйрығы айыр екен. Сергіту сәті
Күнге қарайық,
Шашымызды тарайық,
Терең, дем алайық,
Бойымызды жазайық.
-Ал, балалар ойын ойнайық!
Саусақ ойыны: «Торғай», «Қарлығаш».(Балалар ойынға белсенді қатысады)
Мақсаты: Балалардың саусақ ойындары арқылы тілдерін дамыту.
Ертегіде қай кейіпкер ұнамады, неге?
Шығармашылық тапсырма
Дұрыс, балалар, адамға дос, нәзік, мейірімді қарлығашты бояумен бояп көрейікші, кімнің қарлығашы әдемі болар екен?

-Балалар, қарлығаш туралы жұмбақ жаттайықшы
Шарлап келіп даланы,
Үйіме үйін салады.
Қарлығаш жыл құсы, ал ұясын үйдің шатырына, сарай төбелеріне салады.
**Қорытынды бөлім:**
Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-қозғалысын, іс-әрекетін көрсетеді, рөлдерде қызыға ойнайды. Оқу іс-әрекетіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №25**
**Білім беру саласы: Варнативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** «Алдар көсе» ертегісі
**Мақсаты:** Ертегінің мазмұнымен балаларды таныстыру, тілдерін жаттықтыру, сөздік қорларын байыту. Балаларды мұқият тыңдауға сабаққа белсенді қатысуға дағдыландыру.
**Заттық дамыту ортасы:** «Алдар көсе» ертегісінің макеттері, слайд
**Оқу қызметі барысы:**
**Кіріспе:**
Шаттық шеңбері
Ерте, ертеде
Ертегі сыр шертеді.
Оқу іс-әрекетін бастайық.
Қиялдап бір тастайық.
Балалар мұқият іс-әрекетпен орындайды.
Тәрбиеші: -Балалар, сендер білесіңдер біздің ата-әжелеріміз бізге ертегіні айтып береді. Ертегі деген -қиял ғажайып әлемі. Сендер ертегіні ұнатасыңдар ма? -Айтыңдаршы, сендер қандай ертегілерді білесіңдер?
Балалардың жауабы тыңдалынады. Сұрақтарға жауап береді.

Қарағымдар, балалар, сендер көп ертегілерді біледі екенсіңдер. Бүгін, солардың бірі - Алдар көсе ертегісіне тоқталайық.
**Негізгі бөлім:**
Алдар көсе - қазақ ауыз әдебиетінің кейіпкері, ақылды тапқырлардың, зерделі қудың жиынтық бейнесі. Алдаркөсе өзінің асқан айлакерлігі арқылы мұратына жетіп отырады. Оның мақсаты- сараң байды, пайдакүнем саудагерді, озбыр ұлықты т.б. әжуа ету. Мысалы: ол асқан сарандығы үшін халық Шықбермес Шығайбай атаған байдың асын ішіп, атын мініп, қызын алады. Өйткені, Алдаркөсе әділетсіз әкімдер мен билерінен қиянат, қорлық көрген қарапайым халықтың өкілі.«Алдар көсе» ертегісін сахналау.
Ертегі-біздің досымыз,
Ертегі-көңіл хошымыз
Тыңдап оны өсеміз.
Ойын: «Бұл қай кейіпкер»
**Қорытынды бөлім:**
Оқу іс-әрекетіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау.
Кейіпкерлердің жағымды, жағымсыз әрекетін біледі. Жаңа сөздерді үйреніп, сұрақтарға жауап береді.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №26**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** «Алтын сақа» (ертегісі)
**Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-қозғалысын, «іс-әрекетін көрсетеді, рөлдерде қызыға ойнауға тәрбиелеу. Ертегілерді мұқият тыңдауға, ойынға белсенді қатысуға баулу. Балалардың сөздік қорын нығайту.
**Заттық дамыту ортасы:** үлгі суреттер, ертегі кейіпкерлердің макеті, слайд

**Оқу қызметі барысы:**

**Кіріспе:**

Шаттық шеңбері:

Балабақшам арайлы
Таң шапағы тарайды
Күннен шуақ аламыз
Қуандырып талайды
Көнілді аспаптармен
Жырға бөлеп маңайды

Тәрбиеші: - Балалар, біз бүгін қазақ халқының саз аспаптарымен танысатын боламыз. Ол үшін сендер жұмба[illegible] шешулерің керек.

Тәрбиеші: -Ал, балалар, ортаға шаттық шенбер құрып, ән айтайық.

Балалар үнтаспадан «Ертегілер» әнін тыңдап, әуенге сай билейді.

**Негізгі бөлім:**

-Балалар, ертегілердің ұқсастығы мен қандай ерекшелікт[illegible] бар атап өтейікші? Балалардың жауабы тыңдалады.

«Ертегі- бұл ерекше жанр. Ертегідегі жануарлар ад[illegible] сияқты сөйлей алуы мүмкін. Ертегіде әрқаш[illegible] қайырымдылық жеңеді. Қайырымды, шыдамды, еңбекқ[illegible] адамдар әрқашан сый алады. Ал өмірде ше?

Ойын: «сиқырлы заттар»

Мақсаты: балалар өткен ертегілерді еске түсіріп, затт[illegible] қай ертегіде сиқырлы әрекеттер орындайтынын табады.

Алтын сақа ертегісі туралы түсінік беріп, сұрақ-жауап ал[illegible] Алтын сақанын бас қаһармандары аңшы-мерг[illegible] жауынгер-батыр, кенже бала, тазша бала, жалғыз бала жә[illegible] басқа әлеуметтік теңсіздіктегі бұқара өкілі. «Алт[illegible] сақадағы» бала сондай кейіпкер. Осымен оқиға шиелен[illegible] түседі. Бұл ертегіде де сайыста кейіпкер өз күшімен ем[illegible] керемет достарынын арқасында жеңуі-батырлықтан г[illegible] қиял-ғажайып ертегінің заңдылықтарына жақындау.

**Қорытынды бөлімі:**
Оқу іс-әрекетіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау.
Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беріп, ертегі мазмұны туралы толықтай түсінік алады. Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін қайталап, рөлдерде қызыға орындайды.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №27**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** «Қаңбақ шал» ертегісі
**Мақсаты:** Ертегі арқылы халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылықтарын ояту. Балаларды ұлттық қазақ халқының құндылықтарын бойларына сіңіре отырып, тәрбиелеу. Үлкендерді сыйлауға, әңгіме, ертегілерді мұқият тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын нығайту. Қызығушылықтарын арттыру.
**Заттық дамыту ортасы:** үлгі суреттер, ертегі кейіпкерлердің макеті.
**Оқу қызметі барысы: Кіріспе**
*Шаттық шеңбері*
Арайлап таң атты
Алтын сәуле таратты.
Жарқырайды даламыз
Жарқырайды күніміз
Қайырлы таң балалар.
Балалар белсене қатысады.
**Ұйымдастыру кезеңі:**
Тәрбиеші: -Балалар, міне бүгін біз «Ертегіде қонақта» тақырыбында оқу іс-әрекет өтеміз. Және ертегі әлеміне қонаққа барамыз. Осы уақытқа дейін көп ертегілермен әңгіме-жырлармен, өлең-тақпақтармен жаңылтпаштармен таныстық. Қане, «Қаңбақ шал» ертегісін есімізге түсірейік.

**Негізгі бөлім:**
Ертегі мазмұнын түсіндіріп, сұрақ-жауап алу.
-Ертегідегі кейіпкерлерді ата?
-Қаңбақ шал деп не себепті атаған?
-Қаңбақ шал қандай?
Мақал:
Білекті бірді жығар,
Білімді мыңды жығар.
Балалардың жауабы тыңдалады.
«Кейіпкерді тап» ойыны. Ойынға балалар белсене қатысады.
Мақсаты: Балаларды білімділікке, сөздік қорларын сөйлеу барысында қолдана білуге тәрбиелеу.
**Қорытынды бөлімі:**
Оқу іс-әрекетіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау. Бізді батыл, адал, еңбекқор болуға жетелейтінін біледі. Берілген тапсырмаларды орындай алды. Ертегі кейіпкерлерінің жағымды жағымсыз екенін ажыратып айтуды меңгереді.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №28**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырып:** «Ұр тоқпақ ертегісі»
**Мақсаты:** Балаларға ауыз әдебиетінің көлемді саласының бірі – ертегілер және оның түрлері туралы кеңінен түсінік беру. Ертегідегі негізгі ойды, идеяны ұғындыру. Балалардың сөйлеу тілін, сөздік қорын, шығармашылық қабілеттерін арттыра отырып, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру.
**Заттық дамыту ортасы:** Суреттер, макеттер, слайдтар, бейнефильмдер
**Кіріспе:**

**...у қызметі барысы:**
...еттік шеңбер
...уан шапа атын таңда,
...олдір таза ауада.
...бинаттың бәрі оянады.
...айырлы таң, балалар!
...ылым бердім саған, елім!
...ң өлкем, туған жерім.
...ылым бердім бәріңізге!
...рбиеші - Сәлеметсіңдер ме? Балалар, қазір жылдың қай
...езгілі?
...алтада қанша күн бар? Қанша ай ? Ертегілер еліне
...аяхаттайық! Балалар мұқият тыңдап. Жауап береді.
**...егізгі бөлім:**
...рбиеші - Балалар, мына бейнефильмге назар аударайық!
...йнефильмде «Үр тоқпақ ертегісі». Балалар бейнефильмді
...ұқият тамашалап, қызығушылығын білдіреді.
...Ертегі сендерге ұнады ма?
...Ертегіде қай кейіпкер ұнады ?
...Бұл ертегіден біз нені үйрендік?
...алалардың жауабы тыңдалынады.

Сергіту сәті

...н кейін, кейбең көлеңке
...н ойнайтын көлеңкем.
...ылай, былай жинайды.
...ойнай орды қимылмен көрсетеді)
...Ойын «Дәл осындай пішінді» тап.
...алалар ойынға белсенді қатысады.
**...орытынды бөлімі:**
...рбиеші: Ал, балалар осымен оқу қызметіміз аяқталды.
...елсенді болғандарыңыз үшін сендерге рахмет. Ертегі
...йіпкерінің атын атауды біледі. Кейіпкердің мінез-
...ұлықтарын ажырата отырып, жақсы мен жаманды

ажырата алады. Ертегілер мазмұнын айта біледі, әуенге са
қимыл-қозғалыстар жасай біледі.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №29**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырып:** «Құйыршық» ертегісі.
**Мақсаты:** Ертегі мазмұнын түсіндіру. Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетіне мінездеме беру. Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-қозғалысын, «іс-әрекетін көрсетеді рөлдерде қызыға ойнауға тәрбиелеу. Ертегілерді мұқият тыңдауға ойынға белсенді қатысуға баулу. Балалардың сөздік қорын нығайту.

**Заттық дамыту ортасы:** үлгі суреттер, ертегі кейіпкерлердің макеті.

**Оқу қызметі барысы: Кіріспе**

*Шаттық шеңбер:*

Гүлдеріміз қызғалдақ,
Ашылады әдемі-ақ.
Желмен бірге шайқалып,
Мұрынға жақын апарып,
Бір иіскейік тамсана,
Хош иісі тамаша.

Балалар қызығушылығы артып, іс-әрекетпен қайталайды.
Тәрбиеші: - Балалар, біз бүгін оқу іс-әрекетімізде, «Құйыршық» ертегісімен танысамыз. Ертегі мазмұнын оқып беру. Балалар Тәрбиешіні мұқият тыңдайды.
Сұрақ-жауап арқылы ертегі мазмұнын балалардан сұрау.
-Әжей не деп армандады?
-Кішкентай бала әжейге не дейді?
-Балалар, осы ертегіде бізге қандай үй жануарлары кездесті?

Аңыз қылған, ән қылған,
Кел, ертегі тыңдайық,
Ата - бабаң қалдырған!
Түйе: Мен түйемін, таудаймын,
Керуен тартар қуатым.
Көп күн шөлге шыдаймын,
Дертке шипа шұбатым.
Сиыр: Мен мүйізді сиырмын,
Бұзауымды іздеймін.
Сүт пен қаймақ беремін.
Барыс: Барыс қарда сырғанап,
Тау аралап жүреді.
Тасқа жатса, тоңбайды
Қыстың жайын біледі!
Қоян: Аппақ қоян, ақ қоян,
Сондай қорқақ, сақ қоян.
Біздің үйге тығылсаң
Сандығыма сап қоям!
Жылқы: Қымыз берген жылқымын
Көк шалғында аунаймын.
Мінгізіп ап балаларды
Желдей ұшып заулаймын!
Қой: Мен момақан қойыңмын,
Ешбір жанға тимеймін.
Жүн беремін киімге,
Өзім бірақ кимеймін.
Тауық: Күні бойы қыт – қыттап,
Көң тырнаған тауықпын.
Балақандар жесін деп
Көп жұмыртқа тауыппын!
Ит: Қысы - жазы адамға
Серік болып жүреміз.
Күзетеміз қойларды
Қасқыр келсе үреміз!

[illegible]
[illegible] бояуды ұсынамын.
[illegible]
[illegible]
[illegible]
[illegible]
[illegible]
[illegible] мен боламын!
[illegible] күнді көрсе, сол жыл басы
[illegible]
[illegible]
[illegible]
[illegible]
[illegible] қимылмен көрсетуі керек. Дауысын
[illegible]
[illegible] «Суреттер сөйлейді». Үй
[illegible] суреттерін көрсету.
[illegible]
[illegible]
[illegible]
[illegible]
[illegible] жануарлары туралы
[illegible] мазмұнын
[illegible] орындайды
[illegible] сұраймын. Белсене қатысқан
[illegible]

**[illegible] оқу қызметі №31**
**[illegible] Вариативті**
**[illegible]**
[illegible] ертегісі»
[illegible] мазмұнын меңгеріп, әдеби талдау
[illegible] толқытар тұстарын мәнерлеп,

өзіндік пікір, сыни көзқарас қалыптастыру. Баланың қабылдауы мен ойлау аралығын зерттей отырып, ой қорыту, баланың ой өрісі мен дүниетанымын кеңейту. Адал достыққа, қайырымдылыққа, адамгершілікке, батылдыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

**Заттық дамыту ортасы:** суретті қағаздар

**Оқу қызметі барысы:**

**Кіріспе:**

Шаттық шеңбер

Бақшамызға барғанда,
Жолыққан бар жандарға.
Ертемен ақ пейілмен:
«Қайырлы таң!» деймін мен.
Күндіз де елді елеймін,
«Қайырлы күн!» - тілеймін.
Үйге кешке келемін,
Не дерімді білемін:
«Кеш жарық!» - деп кіремін.

Тәрбиеші: Балалар, сендер білесіңдер ме?! «Ер Төстік» - ең ескі дәуірде шыққан бақташылық, тарихи дәуірден қалған әңгіме, ерлік жыры. Онда кездесетін жер аттары да сондай ескі, алғашқы қоғам дәуірін көз алдымызға келтіреді.

Жүйріктер жарысы.
Тіл жүйрігін шешен дейміз.
Мал жүйріктерін ата.
Жылқы жүйрігі – тұлпар.
Түйе жүйрігі – желмая.

**Негізгі бөлім:**

Тәрбиеші: - Ерте заманда Ерназар деген байдың Ер Төстік деген баласы болыпты Ер Төстік батыр, ержүрек те батыл болып өседі. Оның жұт кезінде хабарсыз кеткен сегіз ағасы болған екен.

Ер Төстік (ән орындалады)

Ертегінің кейіпкері

[illegible]

[illegible] ағасын іздеуге [illegible] ауылға әке -

[illegible]

[illegible] ағасымен бақытты өмір [illegible] періңің қызы жалмауыз [illegible]

[illegible] суреті

[illegible] болады. Ер Тостік өзінің сенімді [illegible] екеуі айла тауып, жалмауыз [illegible]

[illegible] суреті

[illegible] Бапы ханның еліне тап болады. [illegible] Ер Тостік Бапының көршісі [illegible]

[illegible] суреті

[illegible] Ер Тостік көп достармен танысады. [illegible]

[illegible]

[illegible] Ер Тостік пен Бітті екеуі жүріп келеді. Алдынан [illegible] Желаяқ шығады.

[illegible] Желаяқ суреті

[illegible]

- Үшеуі жүріп келеді. Алдарынан құлағын жерге төсеп, ты
тыңдап жүрген бір адам көрінеді. Ол Саққұлақ еді.
Саққұлак та Ер Төстікке дос болады.
6 - слайд - Саққұлақ суреті
Жер тыңдаған шапқылап,
Құлақтарын тартқылап.
Бәрін естіп жүретін.
Ойнақтаған Саққұлақ.
- Сөйтіп, төртеу болып жүріп келеді. Алдарынан тауды
көтеріп, қайтадан орнына қойып жүрген бір адам кездесед
Ер Төстік пен Таусоғар достасады.
7 - слайд - Таусоғар суреті.
Таусоғар әні
Тау мен тасты көтерген,
Жер-жаһанды ол кезген.
Қандай алып бар екен
Таусоғарға тең келген
- Олар бесеу болып келе жатады. Алдарынан бір үлкен кө
көрінеді. Кенет көлдің суы көзді ашып - жұмғанша жок
болып кетеді. Сәлден кейін ұзамай қайта пайда болады.
Бұған олар таңғалып қалады. Қараса, Көлтауысыр отыр. О
да Ер Төстікке дос болады.
8 - слайд - Көлтауысар суреті
Көлтауысар әні.
Қуанышпен қауышқан
Кісімен тез тіл табысқан.
Өзен - көлдің суларын
Жалғыз өзі тауысқан.
- Ер Төстіктер өздеріне қарама - қарсы келе жатқан бір
адамға жолығады. Бұл жер астының қырағысы Көреген ед
Жетеуі дос болып, сапарын жалғастырады.
9 - слайд - Көреген суреті.
Көреген әні
Жер әлемді төбеден

[illegible]
[illegible]
[illegible]
[illegible] жүріп, Темір хан еліне жетеді.
[illegible] Ер [illegible] өнерлерін көрсетуін сұрайды. Ер
[illegible] бірлық өнерлерін көрсетіп,
[illegible]
[illegible]
[illegible] таңысады.
[illegible] көреді.
[illegible] естиді.
[illegible] болмайды.
[illegible] байқамайды.
[illegible], Ер [illegible] шартты орындап, Бапы ханның еліне
[illegible]
[illegible]
[illegible]
[illegible],
[illegible]
[illegible] бөбектер
[illegible]
[illegible]:
[illegible] танысады. Оқу қызметіне
[illegible] Балалардың қызығышулықтары
[illegible] сұрақтарға толықтай жауап береді.

**[illegible] оқу қызметі №32**
**[illegible]: Вариативті**
**[illegible]**
**[illegible] «Жақсылық пен жамандық»**
**[illegible]:** [illegible] мен жаман әдет-қылықтарды
[illegible], [illegible]шілікке, жаман әдеттерден аулақ
[illegible] үйрету. Балалардың ой-өрісін кеңейту, тіл

байлығын молайту, ойлану, көру, сезіну қабілеттерін дамыту. Ұлттық салт-дәстүрлерді құрметтеуге, үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.

**Заттық дамыту ортасы:** суретті қағаздар, аңдар бейнеленген бас киім. Ұлттық киімдер

**Оқу қызметі барысы:**

**Кіріспе:**

Балалар мен тәрбиеші (ұлттық киім киіп) топқа кіріп қонақтармен амандасады.

-Балалар, қане, бір-бірімізбен амандасып жақсы, жылы лебіздерді білдірейік.

-Армысың, шұғылалы алтын күн!
Армысың, мейірімді жер-ана!
Сәлеметсіздер ме, қонақтар!
Бәріміз күндей жарқырайық!
Бәріміз тату дос болайық!

**Негізгі бөлім:**

Балалар біз қандай елде тұрамыз?

-Қазақстан елі немен танымал?

Қазақ елінде өте жақсы дәстүр бар, ол «Қонақ күту» Мынадай мақал да бар «Қонақ келсе-құт келер» Ал сендер қандай мақал білесіңдер?

- Балалар, біз не себептен бүгін киім кигенбіз?

- Балалар, айтыңдаршы, мұндай әдемі киімді қандай халық киеді?

- Дұрыс, бұл киім, қазақтың ұлттық киімі болып саналады. Біздің елдің тек-қана осындай әдемі киім емес, сондай-ақ әр-түрлі әдемі аңыздары, өлендері, ертегілері де бар.

- Ертегілердің бір өзіндік өзгешеліктері бар «Мақтаншақ, сараңдық, ақымақтықты әшекерлейтін, ал жақсылық, достық, сүйіспеншілікті мадақтайтын» қазақ ұлттық ертегілері өте көп.

- Балалар, ал сендер қандай ертегілерді білесіңдер?

- Жарайсыңдар көрдіңдер ме ертегілер өте көп.

Ендеше «Жақсылық пен жамандық» туралы ертегіні тамашалайық. Сендер мұқият тыңдаңдар.
Ертегі «Жақсылық пен жамандық» инсценировка
(Ертегі жөнінде әңгімелеу)
1. Балалар, кәнеки, еске түсірейікші ертегі қалай аталады?
2. Ертегідегі кейіпкерлердің қандай қасиеті бар?
3. Ертегі кейіпкерлері кімдер?
4. Жақсы адамға қандай қасиет тән?
5. Жаман адамға қандай қасиет тән?
6. Ертегіде не жеңді?
- Жарайсыңдар, балалар, көрдіңдер ме жақсы адамның бойында көптеген қасиеттер бар. Жақсы адам болу үшін біз үлкен кісілерден көп біліп үйренуіміз керек.
- Балалар, бәрімізідің отбасымызда ұстанатын салт-дәстүрлеріміз бар. Кім айтады, қандай салт-дәстүрлерді білесіңдер?
- Жарайсыңдар, көп дәстүр біледі екенсіңдер. Ал кім біледі «Қасиеті жұма күнін» ол күні аналарымыз, әжелеріміз не істейді екен?
- Дұрыс балалар, жұма күні еліміздің барша адамдары шелпек пісіріп, садақа береді.
- Шелпек пісіргенде майдың иісі жамандықтың бәрін қуып жібереді. Жұма күні адамдар ұрыспай, қайта бір-бірінен кешірім сұрап, жақсылықтар жасайды.
Балалар, сендер білесіңдер ме, киелі жеті сан туралы?
Жарайсыңдар балалар киелі жеті туралы көп біледі екенсіңдер. Мен сендерге осы шелпек неден жасалатыны туралы айтып берейін.
Әже: Ең алдымен бізге ұн қажет.
1)Ұн- молшылық, береке белгісі.
Жер мен күннің сыйы.
2) Келесі бізге тұз қажет.
Тұз- үйдің берекесі.
3) Тағыда ең қажетті бізге су.

Су- ол өмір көзі.
Осы үш ең керекті тағамнан біз шелпек жасаймыз.
**Қорытынды:**
Балалар, біз жақсы адам болып өсу үшін бойымызда қандай қасиет болуы тиіс?
Жұма қасиетті күн деп аталады, бұл күнге байланысты не біліп үйрендіңдер?
Енді балалар бәріміз тату, жақсы адам болып өсейік. Ал жақсы істеріміз үшін үлкен кісілерден бата алуға тырысайық.
Педагог іс-әрекетін қорытындылайды. Мадақтайды.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №33**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырып:** «Түлкі мен ешкі ертегісі»
**Мақсаты:** Оқыған ертегіні ұйып тыңдап, мазмұнын айта білуге үйрету. Ертегіге деген сүйіспеншілігін арттыру. Оқиға желісі бойынша дауыс ырғағын түрлендіре отырып, әңгімелеп айтып беруге үйрету.
**Заттық дамыту ортасы:** Ертегі кейіпкерлерінің макеттері, суреттер
**Оқу қызметі барысы:**
**Кіріспе:**
Шаттық шеңбер
Орнымыздан тұрамыз,
Қолды белге қоямыз.
Бұрыламыз оңға бір,
Бұрыламыз солға бір.
Бір отырып, бір тұрып,
Бір тынығып аламыз.

Тәрбеші: - Балалар, қазір ертегінің ішінде сендерге таныс емес сөздер кездеседі, алдымен сол сөздердің мағынасын түсініп алайық:

Абайсызда-байқамай.

Апан-ойық терең жер.

Сусап-шөлдеп.

Ырғып-тайғанап.

-Балалар мен сендерге қазір "Түлкі мен ешкі" деген халық ертегісін оқып беремін, сендер жинақталып, тыныштаЛып мұқият тыңдап отырыңдар. Оқып болған соң сұрақтар қоямын. (Ертегіні оқып беремін)

Сұрақтар:

Балалар мен қандай ертегі оқыдым, ертегі қалай аталады?

Ертегіде қандай кейіпкерлер бар?

Түлкі қайда түсіп кетеді?

Ол апаннан қалай шығып кетеді?

Ешкі қайда бара жатыр еді?

Түлкінің жасағаны дұрыс па? Неге?

Ол қандай аң? Ал ешкі қандай?

"Өтірікке алданба басың бәлеге душар болады" дегенді қалай түсінесіңдер?

Балалар өз ойларын айтады. Сұрақтарға жауап береді.

Сергіту сәті

Өсеміз біз күліп-ойнап,

Он саусақтың саласындай,

Өсеміз біз күліп-ойнап,

Бір адамның баласындай.

Ертегіні сахналау.

**Қорытынды бөлімі:**

Бекіту сұрақтары:

Балалар біз бүгін қандай ертегімен таныстық?

Сонымен ертегіде қандай кейпкерлер бар екен?

Ертегі сендерге ұнады ма?

Балалар:

Ешкі мен түлкі ертегісімен таныстық.

Ертегіде түлкі мен ешкі бар.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №34**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Болімі: Асыл мұра**
**Тақырып:** «Аңқау арыстан ертегісі»
**Мақсаты:** Ертегі түрлерімен таныстыра отырып, ертегіні түсініп оқу, ертегі кейіпкерлерінің іс – әрекетіне мінездеме беру, ертегідегі негізгі ойды ашып, қорытынды жасау. Ертегіні түсініп, мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыра отырып, ой - пікірлерін қорытындылап айту шеберліктерін, сөйлеу әрекеттерін жетілдіре түсу, сөз байлықтарын дамыту.
**Заттық дамыту ортасы:** Суреттер, макеттер, слайдтар
**Оқу қызметі барысы:**
**Кіріспе:**
Шаттық шеңбер
Кел, балалар, күлейік,
Күлкіменен түлейік!
Қабақ түйген не керек,
Көңілді боп жүрейік!
Кел, балалар, күлейік!
Күлкіменен түлейік!
Күлкі көңіл ашады,
Күліп өмір сүрейік!
Тәрбиеші: Адамдардың мінез - құлықтары да әр түрлі болады. Ақын - жазушылар адамдардың мінезін мысалға алып, қу адамды түлкіге, қорқақ адамды қоянға, ашқарақ, аңқау адамды қасқырға, ақылды адамдарды жақсы кейіпкерлерге, батыл, өжет адамдарды арыстанға, бүркітке т. б. теңеп көптеген ертегілер жазған екен. Біздің бүгінгі сабағымыздың басты кейіпкерлерін табу үшін мына жұмбақтарды алдымен шешіп алайық:
Өзі ширақ өзі қу,
Жүрген жері айқай - шу (Түлкі)
Түлкі – ит тұқымдасына жататын аң. Түсі жирен, сұрғылт

сары. Жүні тығыз әрі жұмсақ. Орманда, өзен - көл жағалауларында, тау баурайларында мекендейді. Ол тауық, балық, тышқан және құстармен қоректенеді. Түлкі – қу, айлакер.

2. Бір аң бар қайраты көп болған күшті,
Басынан өткізеді әрбір істі (Арыстан)

Аңдардың патшасы – арыстан. Арыстан – айбатты, жырткыш аң. Көбінесе шөлді жерлерде кездеседі. 30 - 35 жыл өмір сүреді. Хайуанаттар бағында кездеседі.

3. Әр түрлі, орта бойлы, ұзын құлақ, Өзіне міндеттесе, қызмет қылмақ. Ертегіні әңгімелеу. Балалар мұқият тыңдайды.

**Негізгі бөлім:**

Тәрбиеші: - Балалар, ал сендер зообаққа бардыңдар ма? Онда қандай жануарларды көрдіңдер? Ал, жабайы жануарларға қандай жануарларды жатқызамыз? Балалар сұрақтарға жауап береді.

Жұмбақ:
Айбарлы сұсы бар,
Қанжардай тісі бар.
Тұла бойында
Тасыған күші бар,
Құжірейген жалды,
Білсең айт бұл аңды? (Арыстан)

Д\ойын :
« Жұбын тап»

Сергіту сәті :
Маған арнап жекелеп,
Әжеме басты текемет.
Бір топ адам аяқпен,
теуіп бердік төпелеп.
Басу қызық текемет,
Үсті --үстіне төпелеп,
Алдау біреу жіппен.

саумалайды жетелеп,
Әрі біраз аунаттық
Қайнақ суды саулаттық.
**Қорытынды бөлім:**
Педагог іс-әрекетін қорытындылайды. Мадақтайды.
Тосын сый: Балаларға арыстан ойыншығын сыйлайды.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №35**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырып:** «Мақта қызбен Мысық ертегісі»
**Мақсаты:** Балаларды көркем шығармамен таныстыру, ынта қойып тыңдауға дағдыландыру. Оқиға желісі бойынша дауыс ырғағын түрлендіре отырып, әңгімелеп айтып беруге үйрету. Жұмбақ, жаңылтпаш мақал – мәтелдерді жаттату арқылы баланың тілін дамыту.
**Заттық дамыту ортасы:** Суреттер, макеттер,слайдтар
**Оқу қызметі барысы: Кіріспе**
*Шаттық шеңбері*
Қуан, шаттан, алақай,
Қуанатын күн келді.
Күліп шықты күн бүгін,
Қайырлы таң!
Қайырлы күн!
Тәрбиеші: -Сәлеметсіздер ме апайлар! Сәлеметсіздер ме балалар!
Балалар жылы лебізбен көңіл күймен апайларға амандасады.
Бір жылда неше мезгіл бар? - Төрт мезгіл: күз, қыс, көктем, жаз.
Жылдың қазір қай мезгілі? – Қыс мезгілі
Қыс мезгілі неше айға бөлінеді? – Үш айға: желтоқсан, қаңтар, ақпан.

Қазір қандай ай? – желтоқсан айы
Қыс мерзімінің ерекшеліктері қандай? – күн суық, жел, боран, аяз, адамдар жылы киімдерін киеді.
Қыс мезгілі туралы жұмбақ, тақпақтар білеміз бе?
Қыста жер бетін басады,
Жазда сайға кашады (Қар)
Қыс келді, қыс келді,
Ақтарып ақ қарды.
Аралап қайтайық,
Ақ күміс бақтарды.
Кәне өткен сабақты есімізге түсірейікші. Кәне, мынау қандай ертегі?
Түлкі келе жатып, қайда түсіп кетеді?
Түлкіге кім кездеседі?
Ешкі түлкіге не дейді? – Ей, түлкіжан сен не істеп тұрсың.
Түлкі: Жаным жай тауып тұр, қырда шөлдеп едім, апанда түп – тұнық су бар рахаттанып тұрмын.
Балалар: - «Түлкі мен ешкі» ертегісі
Ал бүгінгі оқу қызметінде Ыбырай Алтынсарин аталарың жазған «Мақта қыз бен мысық» ертегісін оқып беремін.
Балалардың зейінін тақтада ілулі тұрған бейнелі суретке аударады.
**Негізгі бөлім:**
Ерте, ерте, ертеде «Мақта қыз бен мысық» болыпты. Бір күні Мақта қыз үй сыпырып жүріп, мейіз тауып алады.
Мақта қыз мысықты шақырады, келмейді, бір кезде мысық келеді. Апа мені неге шақырдың?
Келмегесін мейізді жеп қойдым. Мысық мақта қыздың қатығын төгіп тастайды. Ал мақта қыз болса мысықтың құйрығын жұлып алады. Мысық сиырға келеді. Сиыр, сиыр маған қатық берші? – деді.
- Жоқ, менің қарным ашып тұр дейді. Мысық ағашқа келеді. Ағаш, ағаш маған жапырақ берші.
Ағаш: мен шөлдеп тұрмын, маған су әкеліп бер дейді.

Пеш үстінде бес мысық,
Пеш түбінде бес мысық.
Бес күзетші бес пысық.
*Мақал*
Еңбек етсең ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.

Еңбектің наны тәтті,
Жалқаудың жаны тәтті.

Балалар мен сендерге қандай ертегі оқып бердім? – «Мақта қыз бен мысық» ертегісі.
Бұл ертегіні кім жазды? – Ыбырай Алтынсарин атамыз.
Кәне балалар, ойын ойнайық. Ойын: «Кейіпкерлер не дейді»
Ойын шарты: Тақтада ертегі кейіпкерлері ілінген суреттер бар, артында бірнеше сұрақтар берілген. Сұрақтарға толық жауап беру керек.
Мысық қатықты неге төкті?
Мақта қыз мысықтың құйрығын неге жұлып алды?
Ағаш не сұрады?
Сиыр не сұрады?
Қыздар мысықтан не сұрады?
Дүкенші мысықтан не сұрады?
Тауық мысықтан не сұрады?
Мысық тышқаннан не сұрады?
Көрдіңдер ме, балалар, өз кесірлігінен құйрығынан айрылған мысық, қаншама еңбек етіп жүріп, құйрығын қайтарып алады.
Қорытындылай отырып осы ертегіні сахналап жіберейік.
**Қорытынды бөлім:**
Балалар оқиға желісі бойынша дауыс ырғағын түрлендіре отырып әңгімелейді. Сұрақтарға жауап береді.
Балаларды мақтау.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі №36**
**Білім беру саласы: Вариативті**
**Бөлімі: Асыл мұра**
**Тақырыбы:** Қорытынды жобалық оқу қызметі «Ертегілер елінде»
**Мақсаты:** Оқыған ертегіні ұйып тыңдап, мазмұнын айта білуге үйрету. Ертегіге деген сүйіспеншілігін арттыру. Достарына көмектесуге тәрбиелеу.
**Заттық дамыту ортасы:** слайд, көрнекіліктер, доп, атрибуттар.

**Оқу қызметі барысы: Кіріспе.**

*Шаттық шеңбері:*
Амансыз ба, алтын күн!
Амансыз ба, ашық аспан!
Амансыз ба, Жер ана!
Сәлеметсіздер ме, қонақтар?
Оқу қызметімізді бастайық,
Жалқаулықты тастайық.

Бүгін балалар, біз ертегілер еліне саяхатқа шығамыз. Барғыларың келе ме? Ендеше сиқырлы ұшатын кілемге отырып, ғажайып та қызықты, сиқыры көп елге барамыз.

**Негізгі бөлім:**

Көздеріңді ашыңдар. Қай елге келдік? Бұл елде қандай ертегілер бар екен?

«Мақта қыз бен мысық» - бұл ертегіде мысықтың еңбекқорлығы мен Мақтақыздың даналығын байқауымызға болады. Бұл ертегі ұнай ма сіздерге?

-Иә

-Олай болса тағы да жүрейік.

«Ертөстік» ертегісі екен. Ата мен апа.

Ертөстік сондай алып, күнті боп өсуін байқадыңдар ма, ол жауынгер батыр. Ақылдылығымен көзге түсіп тұрғаны байқалады.

Достарының көмекке келуі.

Қаңбақ шал: ертегіні қараңдаршы!

Кішкентай айлакер, қу, дана, ақылдылығымен көзге түседі. Дәулердің аңқаулығы байқалады. Қаңбақ шал-епті, шапшаң кейіпкер.

Ал енді сәл жүріңдерші.

«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісінде түйенің бойына сеніп жыл басынан құр қалуы, аңқаулығы байқалады.

Ал тышқан болса епті, шапшаң, қулығы байқалады.

Ал енді келесі ертегі «Ұр тоқпақ» ертегісі.

Бейнефильмге назар аударайық. Үш қасиеті жайлы-піс қазаны, құс есегі, ұр тоқпақ туралы білесіңдер, кенеттен байлыққа кенелуі жайлы түсіндіңдер. Бұл ертегіде қанағатшылдығы және мол байлықтың болуы.

Ал енді келесі ертегіге тоқталайық.

Слайдқа назар аударайық. «Алдар Көсе» ертегісі.

Алдардың қулығы, айлакерлігі, данышпандығы байқалады. Адамдар арасындағы шиеленіскен мәселенің шешімін табуға көмектесетін кейіпкер. Ертегі ұнады ма?

«Түлкі мен ешкі» ертегісінде ешкінің аңқаулығына назар аударыңдар. Түлкінің қулығы, түлкі әркез қиын уақыттарда жеңілдікпен шығып кетеді. Ертегі ұнады ма?

Әр ертегінің өзіндік ерекшелігін байқауға болады.

**Қорытынды бөлім**

Әр ертегінің өзіндік ерекшелігі атап өту.

Ертегілердің өзіндік тұрмыс-салтта кейіпкерлердің мінез-құлықтары көрінген, балалар ертегіден өздеріне керегін алады, жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді ажыратады. Әртүрлі дауыс ырғағына келтірін ертегі кейіпкерлерін қуыршақ театрында сахналайды.

# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1.Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана,2017.
2. Тоқаев Қ-Ж. Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы». –Нұр-Сұлтан, 16 наурыз 2022. https://www.akorda.kz/
3. Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы //Егемен Қазақстан 2020 ж.
4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеудің стандарты. -Астана. 2020. -30 б.
5. Құнанбаев А. Қалың елім қазағым, өлеңдер, поэмалар, қара сөздер.
-Алматы. 2015. 384 б.
6. Алтынсарин Ы. Өнер, білім, бар жұрттар. –Алматы. 2011. 238 б.
7. Жұмабаев М. Педагогика. –Алматы. 1992, 106 б.
8. Жарықбаев Қ. Психология: Арнаулы орта оқу орындары балалары мен пединституттардың педагогика және бастауыш мектепте оқыту әдістемесі факультеті студенттеріне арналған оқулық. –Алматы. 2014. 272 б.
9. Темірбеков А., Балаубаев С. Психология.-Алматы. 2006. 231 б.
10. Қоянбаев Б.Ж. Педагогика. Оқу құралы. –Алматы. 2008. 240 б.
11. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар. –Алматы. 2005. 351 б.
12. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. -Алматы. 2003. 112 б.
13. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фолькорының тарихы. –Алматы. 2001. 288 б.
14. Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы. 2003.-220 б.

15. Мухина В.С.Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. -Алматы, 2006. -160 б.
16. Мухина В.С. Алты жастан мектепке барамыз.-Алматы, 1993ж.
17. Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы. 2011. 225 б.
18. Сатыбаев С.Н. Халық әдебиетінің тарихы негіздері. – Алматы. 2002. 230 б.
19. Ахметов А.С. Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылығын арттыру жолдары. - Алматы. 2019. 184 б.
20. Елубаев С., Елубаева С. Дидактикалық ойындар мен логикалық есептер.
-Алматы, 2005. -135 б.
21. Желдебаева С.П. Мәнерлеп оқу. –Алматы. 2012. -112 б.
22. Сансызбайқызы М.А. Балдырғандарға арналған қызықты танымдық тапсырмалар.-Алматы. 2013. -150 б.
23. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. –Алматы. 2013.-176 б.
24. Сағындықов Е. Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие процесінде пайдалану.-Алматы. 2014. -176 б.
25.Тіл ашар /Құраст. Шәкенова А.-Алматы. 2019. -313 б.
26.Толыбаев К.С. Кел, ойнайық. -Алматы. 2011. -162 б.
27. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім – тәрбиесі-Алматы.1995. -350 б.
28. Құнанбаев А. Шағармаларының толық жинағы – А.:1961-460
29. Тұрғынтаева Ү.Ә., Үлекова А.Т. Мектепалды даярлаудың педагогикалық шарттары. Тараз, 2007, 220 б.
30. Керимбаева Р.Қ. Мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын қалыптастыру.- Тараз 2010, 190 б.
31. Қасымбекова С, Мырзамед Д. Мектепке дейінгі балалардың танымдық белсенділігін арттыру. –Алматы. 2004. -220 б.

## МАЗМҰНЫ

Түсінік хат........................................................................3

Жылдық жұмыс жоспары.................................................8

Ересектер тобына арналған «Асыл мұра» бағдарламасының перспективалық жоспары..............10

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары...............18

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.................................102

**Р.К.Керимбаева, Ш.Т.Жұматаева,**
**Т.С.Мейрманова, А.К.Асилова**

# ЕРЕСЕКТЕР ТОБЫНА АРНАЛҒАН «АСЫЛ МҰРА» ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОБАСЫ

Техникалық редактор Бейсенбекова А.Ж.
Редакциялық сектор жетекшісі Айдарова Н.М.
Компьютерлік беттеу Куанышбек А.Ж.

Баспаға 18.03.2022 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x80 1/16. Есепті б. т. 6,6. Шартты б. т.6,6
Таралымы 500. Тапсырыс 741

ИП «Бейсенбекова Ә.Ж.»
«Алтын баспа» баспасы
080000, Тараз қ., Қазыбек би көшесі, 138